

#КүшімізБірлікте

Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА



МҰРАСЫ ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА

3

МӘСЕЛЕ



ҰЛТТЫҚ КОД қайта жаңғыртылуы тиіс

9

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 28 наурыздағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 095 640

II компонентпен

1 073 069

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 28 наурыздағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 450 763** адам,

II компонентпен **9 148 401** адам

вакцина салдырды.

Ревакциацияланғандар саны –

3 213 817

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

29.03.2022

Түнде:



0, -5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+8 +13 °C
Бұлттылықтың артуы, жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 2-7, күндіз екпіні 10 м/с

30.03.2022

Түнде:



0, -5 °C
Көшпелі бұлттылық, жауын-шашын (жаңбыр, қар).

Күндіз:



+5 +10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №32 (6167) 29 наурыз, сейсенбі, 2022 жыл.

TARTY

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Оқушылар сарайына Мемлекет басшысының сыйлығы берілді



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Алматыдағы Оқушылар сарайына сыйлық ретінде жаңа автобус тапсырылды.

Онымен балаларды түрлі конкурстарға, жарыстар мен фестивальдарға апару жоспарлануда. Автобус барлық заманауи талаптарға сай және жүру үшін ыңғайлы, яғни әртүрлі ауа райы жағдайында алыс қашықтыққа сапар шегуге арналған. Ауаны реттеу және жылыту жүйелерінен басқа, автокөлік 4 бейнебақылау камерасымен, аялдама туралы жүргізушіні хабардар ету батырмасымен, ерекше қажеттіліктері

бар адамдарға арналған пандуспен жабдықталған.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы шара барысында Алматы қаласы әкімдігіне Оқушылар сарайының обсерваториясын жаңғырту үшін 2023 жылдың 15 желтоқсанына дейін заманауи әрі кәсіби телескоп орнатуды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОРАЗА-2022

АҚПАРАТ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы жанынан азаматтарға діни ақпарат беру орталығы жұмыс істей бастады



Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы елордада діни ақпарат беру орталығының іске қосылғанын хабарлады.

– Шариғатымыз бойынша балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға рамазан айында ораза ұстау – парыз. Алайда, жолаушыларға, сырқаттанған немесе денсаулығы нашар адамдар ауруының асқынуынан қауіптенсе және сенімді дәрігер ұзақ уақыт бойы ашығудан денсаулығы күрт нашарлап кетуі мүмкін деген шешім қабылдаса, сондай-ақ жүкті немесе омырауда баласы бар әйелдерге ораза тұтуды кейінге қалдыруға шариғатымыз рұқсат береді, – деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

«Егер оразаға, жалпы діни мәселеге қатысты қандай да сұрақтарыңыз болса ҚМДБ жанынан діни ақпарат беру орталығы ашылғанын қаперлеріңізге саламын. Жамағаттың сұрағына дер кезінде жауап беретін орталықтың нөмірі – 33-30-30. Орталыққа Нұр-Сұлтан қаласының коды арқылы да телефон шалуға болады», – деп түсіндірді ол.

Орталыққа жүгінген азаматтардың сауалдарына дін саласының білікті мамандары тәулік бойы қазақ және орыс тілінде жауап беретін болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- Орал әуежайына Мәншүк Мәметованың есімі берілді.
- Еліміздің барлық өңірі «жасыл» аймақта.
- Қазақстандықтардың зейнетақы жинағы екі есе өсті.
- Елде автомобиль өндірісі 3,5%-ға дейін артты.
- Алматыда ереже бұзған таксистер камера арқылы анықталады.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!



● ПРЕЗИДЕНТТИҢ САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ЖАҢА САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Суперпрезиденттік басқару формасынан Парламентті мықты Президенттік республика тәсіліне түбегейлі өту
2. «Мықты Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын іс жүзінде орындау
3. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын дамытуға бағытталған саяси реформалардың 4 пакетінің лайықты жалғасы
4. Реформалар жүйелі әрі кешенді түрде іске асады. Негізгі саяси институттардың барлығын қамтиды
5. Реформаны жүзеге асыру барысында Конституцияның 30-дан астам бабына, 7 Конституциялық заңға және 15-тен аса заңға өзгеріс енгізу көзделеді
6. Реформалар барлық деңгейдегі билік өкілдеріне де, қоғамға да жаңа моральдік-этикалық ұстаным ұсынады
7. Президент бағдарламасында қоғам қайраткерлерінің, сарапшылардың, ҰЕҰ-дың пікірлері мен ұсыныстары ескерілді. ҰҚСҚ мүшелерімен және аймақтарда талқылаулар жүргізілді. Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғарғы соттың ұсынымдары назарға алынды



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:



«Біз елдің тыныштығын бұзып, қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекетке ешқашан жол бермеуге тиіспіз».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).

#ЖаңаҚазақстан
#Жолдау2022



● #ЖОЛДАУ2022

«ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ»

қоғамдық диалогтың біртұтас үлгісін қалыптастырады, билік пен халық арасындағы өзара іс-қимылды күшейтеді

Әділет министрі Қанат Мусин Алматы қаласы тұрғындарымен кездесу өткізді. Бұл жиынға қала тұрғындарынан бөлек, белсенділер, сарапшылар мен қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.

Қанат Мусин сөзінің басында ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы аясында жариялаған реформалар пакетінің маңыздылығына тоқталды. «Шын мәнінде, бұл – жаңа Қазақстанды құру кезеңінің басы. Бастамалардың ауқымды әрі мазмұнды, оған төмендегі цифрлар дәлел. Бір ғана Конституцияның өзінде 30-дан астам бапқа өзгертулер енгізу керек. Сонымен қатар, 7 конституциялық заң мен 15-тен астам заңға өзгерістер енгізу жоспарлануда.

Саяси реформалардың негізгі бағыттары:

- Президенттің өкілеттілігін шектеу;
- сайлау процесін жаңғырту;
- саяси партияларды тіркеу тәртібін жеңілдету;
- сот және құқық қорғау жүйесін жетілдіру;
- азаматтардың негізгі құқықтарын қорғау;
- азаматтық қоғам институттары мен



бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін күшейту. Осыған орай, қоғамдық диалогтың біртұтас үлгісін қалыптастыратын, билік пен халық арасындағы өзара іс-қимылды күшейтетін «Ұлттық құрылтай» құрылады», – деді Қанат Мусин.

Министрдің айтуынша, Президенттің ұсыныстарын жүзеге асыру үшін атқарылатын жұмыс көп. Өз кезегінде Әділет министрлігі Жолдауды іске асыру үшін

нормативтік құқықтық тараптан қамтамасыз етеді.

Кездесу барысында министр халықты, қоғам белсенділерін мазалаған сауалдарға жауап берді. Оның ішінде саяси партияларды, меншік иелерінің бірлестігін, тауарлық белгіні тіркеу, халықтың құқықтық сауаттылығын көтеру, жеке азаматтарды банкрот деп тануға бағытталған заң жобасы, нотариустар көрсететін қызметтің

сапасы, сонымен қатар, заң мамандықтары бойынша кәсіби кадрларды даярлау бағытында сұрақтар қойылды.

Сондай-ақ, министр азаматтарды жеке қабылдады. Халықтан түскен сұрақтардың басым бөлігі жеке сот орындаушыларының төлем қызметін өзгерту, атқарушылық қызметтің реформасы, жеке мүлік иелері бірлестігін тіркеу мәселелерін қамтыды.

Сондай-ақ, Қанат Мусин әділет органдарының жұмысына да қысқаша тоқталды. Оның айтуынша, сот актілерін орындау әділет органдары қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

«Жыл сайын 1 миллион құжат келіп түседі. Экономикалық белсенді халықтың орасан зор бөлігі мәжбүрлеп орындату орбитасына тікелей немесе жанама түрде байланысты болып отыр. Алматы қаласы бойынша қазіргі таңда 24 мемлекеттік және 319 жеке сот орындаушысы бар. 2021 жылы 650 мыңнан астам құжат орындалды, бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 29%-ға көп (2020 ж. – 463 123). Атқару құжаттарының жалпы санының 54%-ы орындалды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 35%-ға артық. Алматы қаласының ЖСО кепілдендірілген заң көмегін көрсетуге 2021 жылға көзделген 6 млн 913 мың теңге толығымен 100% игерілді», – деді Қанат Мусин.

Министр мәліметінше, Алматы қаласы бойынша тегін заңгерлік көмек 12 930 азаматқа көрсетілген.

«Министрлік халықтың өмір сүруін жақсартуға бағытталған шаралар қабылдау бойынша жұмысты жалғастырады», – деді министр.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

● МУФТИЯТ

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы:

РАМАЗАН – МЕЙІРІМ МЕН
КЕШІРІМГЕ, САУАПҚА ТОЛЫ АЙ

Елордада Бас мұфти Наурызбай қажы Тағанұлының төрағалығымен Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төралқа мәжілісі өтті.

Жиынды ашқан ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы: «Санаулы күндерден соң қасиетті Рамазан айы басталады. Мұсылман үмбеті үшін Рамазан – ерекше ай. Мейірім мен кешірімге, сауапқа толы

айды әдеттегідей өз деңгейінде өткізуді Алла нәсіп етсін! Осы айда мейлінше қайырымдылық іс-шараларды көбірек атқаруға шақырамын», – деді.

Төралқа мәжілісінде Рамазан айы 2 сәуірден басталатыны, Өзбекстан, Қырғызстан Мұсылмандары діни басқармаларымен кеңесе келе осындай ортақ шешім қабылданғаны хабарланды. Биыл пітір мөлшері 500 теңге болып белгіленді. Пітір садақаның мөлшері еліміз бойынша 2 келі ұнның орташа бағасымен есептелді. Ал ұнның бағасы ҚМДБ-ның қала және облыс өкілдіктерінің берген мәліметі негізінде анықталды. Пітір садақаны Рамазан айының бірінші күнінен Ораза айт намазына дейін беруге болады.

Сонымен, биыл Рамазан айы 2 сәуірде басталып, 1 мамырда аяқталады. Ораза 30 күн болмақ. 2 мамыр – Ораза айт күні. 27 сәуірден 28 сәуірге қараған түн – Қадір түні.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: MUFTYAT.KZ).

Газетіміздің бүгінгі санында Алматы қаласы бойынша 2022 жылғы Рамазан айындағы ораза және намаз кестесін (12-бет) жариялап отырмыз.

● ОРАЗА–2022

Алматыдағы Түркия Республикасы бас консулдығының дін істері жөніндегі жергілікті әкімшілігі ҚМДБ жанындағы Зекет қоры және жергілікті қайырымдылық қорларымен бірлесе отырып Рамазан – 2022 іс-шараларын бастап кетті.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ –
ҚАДІРЛІ ІС

Әсел
ДАҒЖАН

2019 жылы бастау алған пандемияға дейін Қазақстанның түкпір-түкпірінде әр жыл сайын Рамазан айында мұқтаж отбасыларға азық-түлік таратып, ауызашар дастарханын жайып келген Түркия Республикасының дін істері басқармасы мен басқарма жанындағы Диянет қоры биыл да сол дәстүрін жалғастырды.

Алматы қаласындағы Түркия Республикасы бас консулдығының дін істері жөніндегі елшілік өкілдігінің ұйымдастыруымен еліміздің Оңтүстік өңірінде, яғни Алматы қаласы, Алматы облысы, Шымкент қаласы, Жамбыл және Түркістан облыстары мен Түркістан қаласында 441 отбасына, Нұр-Сұлтан қаласындағы дін істері жөніндегі кеңесшілік арқылы еліміздің солтүстік өңірінде, яғни Нұр-Сұлтан және Қарағанды қаласы, батысында Ақтау және шығысында Өскемен қала-

ларында жергілікті әкімшілік, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы, ҚМДБ жанындағы Зекет қоры және жергілікті қайырымдылық қорларымен бірлесе отырып 255 отбасына азық-түлік себеті жеткізілді.

Сонымен қатар, биыл Рамазан айында еліміздің 20 қаласында Түркия Республикасы діни басқармасы тарапынан жолданған қарилар тарауық намазын хатыммен өткізбек және Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі мешіттерде, медреселерде және халыққа арнайы ашылған орындарда бауырлас Түрік халқының атынан 5 мыңға жуық адамға арнайы дастархан жаю да жоспарланған.

Сондай-ақ, Рамазан айында Диянет қорының «Құтты сыйым Құран» іс-жобасы аясында ел аумағына 5 мың Құран-Кәрім тарату жоспарланған. Былтыр Рамазан айында Түркия Республикасы дін істері басқармасы мен басқарма жанындағы Диянет қоры бауырлас қазақ елінде 1410 жан-ұяға азық-түлік себетін таратқан.



ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА

Мұрасы халық жадында



Алматыда Мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, театр сыншысы, профессор Әшірбек Сығайдың құрметіне орнатылған мемориалдық тақта салтанатты түрде ашылды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұл рәсімге Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, сондай-ақ танымал өнер қайраткерлері, оның ішінде, жазушылар мен әртістер – Асанәлі Әшімов, Дулат Исабеков, Ұлықбек Есдәулет, Темірхан Медетбек, Нұрлан Оразалин, Есмұхан Обаев, Смағұл Елубай және басқалар келді.

Ескерткіш-тақта белгілі театр сыншысы 1980–1999 жылдар аралығында тұрған Жібек жолы көшесі, 126 А (С.Мәуленов көшесінің қиылысы) мекенжайындағы үйдің қабырғасында орнатылды.

«Бұл – тарихи маңызды шешім. Бүгін аса көрнекті театр сыншысына, қазақ өнерінің шынайы жанкүйеріне ескерткіш-тақта орнатылды. Әшірбек ағаның шығармашылық өмірі біздің сүйікті қаламызбен тығыз байланысты. Оның есімі, мұрасы халқымыздың жадында, шәкірттерінің есінде мәңгі қалады», – деп атап өтті қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Әшірбек Сығай Қазақстанның сахна өнерінің дамуына елеулі үлес қосты, ол қазақ театртану ғылымының негізін салушылардың бірі, «Іңкәр шақ» (1978), «Сыр сандық», «Сахнаға сапар», «Жарнама алдындағы ой», «Сахна саңлақтары» (1998), «Театр тағылымы» (2003), «Ән – тағдыр», «Таңғажайып театр» тағы басқа шығармалардың авторы. Оның еңбектері өнер және театр теориясы саласындағы оқулықтарға айналды.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дулат ИСАБЕКОВ,
жазушы-драматург:

– Артында Әшірбек сияқты адам қалғанда бейғам, ешнәрсе ойламай өле беруге болады деп ойлайтынмын. Бірақ керісінше болғаны батып-ақ тұр. Әшірбек кім екенін өзі дәлелдеп кетті. Ол қалай кетті – театрлардан да біраз береке кете бастады. Әшірбек Қазақстанда қанша театр бар, солардың бәрінің актерлік құрамын, қай театрға қандай қойылым лайық екенін білетін. Театрдағы қойылымға сәйкес келетін әртістерді орын-орнына қойып отырушы еді. Ол өмірдің барлық мектебінен өтті. Сол арқылы мінезі қалыптасты. «Әшірбек айтты» десе, бәріміз тоқтаушы едік. Әсіресе, драматургияға қатты жаны аштын. Барлық шығарманы оқитын талантты сыншы. Театрға ғана емес, қоғамдағы бүкіл салаға сын көзбен қарайтын. Тірі болғанда, талай кітап жазып, театрға да өзгерістер енгізер еді. Әшірбек – біздің көкейімізде жатқан бітпейтін жыр.

Асанәлі ӘШІМОВ,
ҚР халық әртісі:

– Әшірбек туралы айтар әңгіме өте көп. Екеуіміз бір өңірде туып-өсіп, бір мектепте оқыдық. Театрға баға беру – тек үлкен талант иесінің ғана қолынан келетін нәрсе. Театр туралы талқылағанда жан-жақтан «Әшірбек не дер екен?» деп отыратынбыз. Қойылымға келгенде тарынып ойнайтынбыз.

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
Қазақстан Жазушылар одағы баскармасының төрағасы:

– Біз бүгін әсерлі шараның куәсі болып отырмыз. Әшекеңнің ерекше қасиеті – сыншылығы. Қазаққа ауыз әдебиеті арқылы тарихта қалған Күреңбай сыншы, Толыбай сыншы дейтін сыншылар бар. Біздің Әшекең сол сыншылардың бүгінгі күнгі жалғасы болатын. Өнердің сыншысы болу – әдебиеттің сыншысы болудан да қиын. Өйткені, өнер – ұжымдық туынды. Өнерге баға беру өресі кең адамның ғана қолынан келеді. Әшірбектің сөзінің салмағы, тереңдігі қашанда сезіліп тұратын.

#ЖОЛДАУ2022



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Сенат депутаттары Бейбіт Исабаев пен Нұртөре Жүсіп Алматыдағы бір топ БАҚ өкілдерімен кездесті.

Президент Жолдауында еліміздегі БАҚ бәсекелестікке қабілетті болуы керектігі айтылған болатын. Бұл салада талай мәселе қордаланып қалғаны белгілі. Кездесу барысында Қазақстан РТРК» АҚ Алматы қалалық филиалының директоры Сәуле Жиреншина қаңтар дүрбелеңі кезінде отқа оранған телевидение ғимаратының жағдайы туралы мәлімет берді. «Қазақ газеттері» ЖШС басшысы Шәмшидин Паттеев БАҚ-тың ашықтығы мен еркіндігіне қатысты ұсыныстарын ортаға салды. «Ақ-желкен» журналының редакторы Есей Жәнісұлы мемлекеттік тапсырыстағы түйткілді көтерді. Сондай-ақ, «Балдырған» журналының Бас редакторы Дүйсен Мағлұмов, «Жас қазақ» газетінің Бас редакторы Сраил Смайыл, Қазақ радиосы Алматы

Сенаторлар журналистермен жүздесті



өкілдігінің жетекшісі Бақыт Жағыпарұлы, «Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторы Төрехан Данияр, «Ана тілі» газеті Бас редакторының орынбасары Қарағөз Сімәділ сөз алып, бірқатар нақты ұсыныстарын жеткізді.

Кездесуді қорытындылаған Сенаттың әлеуметтік-мәдени

даму және ғылым комитетінің төрағасы Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев елдегі БАҚ дамыту мәселелерін тұрақты назарда ұстайтындығын, осы орайда Президент Жолдауында айтылған тапсырмаларды орындау барысы қадағаланып отырғандығын айтты.

ҰБТ

Білім сапасын арттырар қадам



Рая
ЕСКЕНДІР

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов еліміздегі ҰБТ нәтижесін есептеу жүйесінің өзгеруі мүмкін екенін жеткізді.

«ҰБТ-ның орташа балының өзі диагностикалық функцияны орындай алмады. Қазір қабылданған шешім өз рөлін атқарғанын, педагогтер мен мектептерге түсетін жүктемені азайтқанын көріп отырмыз. Яғни оқушылар ҰБТ-ға электрондық форматта өз бетінше өтініш береді. Оларды ҰБТ-дан шеттетуге, сондай-ақ тек тест арқылы ғана дайындау және облыс рейтингіне ықпал ету әрекеттері тоқтатылды. Енді ҰБТ қорытындысы бойынша әр мектеп, облыс, тіпті пән бойынша талдау жасап, оны мектеп-

тердің жұмысын бағалау үшін пайдалануға шешім шығардық. Электронды форматқа көшу енді тестілеуге талдау жасауға мүмкіндік береді. Мұндай жаңалықты біз наурыз айындағы ҰБТ барысында пилоттық режимде енгіздік», – деді Асхат Аймағамбетов.

Ендігі жерде ҰБТ тапсырған түлек тестілеуді аяқтағаннан кейін жинаған ұпайларының нәтижесін ғана емес, сонымен қатар, қандай тақырыптарды білетіні және қайсысына көңіл бөлу қажет екені туралы қосымша талдау алады. Дәл осындай талдау мектепке, нақты пәнге қатысты, аудан, облыс және жалпы республика көлемінде де жасалатын болады. Яғни сынаққа қатысушылар өздерінің әлсіз тұстарын анықтап, жеке тақырыптарға көбірек уақыт бөліп, қателермен жұмыс істей алады. Сонымен қатар, мұғалімдер де оқушылардың қандай тақырыптарда қиналғанын көреді. Мұның өзі білімнің сапасын арттыруға әсерін тигізеді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жөні бөлек жәрмеңке



Әсел
ДАҒЖАН

Аналар қауымы барша алматылықты 1 сәуір күні сағат 10.00-ден 16.00-ге дейін өтетін «ЕсоНаурыз&ЕсоЖәрмеңке» көктемгі мерекелік шарасына шақырады.

Мерекелік шарада халық әртістері, домбырашылар және аналардың, соның ішінде ерекше балалардың қатысуымен концерт болады. Қолдан жасалған этноэко-өнімдердің жәрмеңкесі (қолдан жасалған киімдер, халаттар, сөмкелер, шоперлер/жіптер, жастықтар, төсек-орын, киізден жасалған бұйымдар, керамикалық зергерлік бұйымдар және моншақтардан, матадан, былғарыдан, қолданылған материалдардан жасалған қолданбалы өнердің басқа да қолөнер бұйымдарын сату, пластик және т.б.) қызықты бұйымдарды көпшілік назарына ұсынады.



Дармарка @darmarka. almaty – екінші өмір және зат алмасу. Қолданылмайтын заттар егер жақсы күйде болса, соларды әркім өзіне ұнайтын нәрсемен алмастыра алады. Бұл киім, аяқкиім, сөмкелер мен аксессуарлар, сондай-ақ екінші өмір бергіңіз келетін ыдыс-аяқ, ойыншықтар, кітаптар және т.б. болуы мүмкін. Қайта пайдалану үшін бұрын

пайдаланылған тұрмыстық ыдыстар мен әртүрлі тұрмыстық заттарды жинау; Мерекелік дастархан – шай ішу – наурыз көже, палау, бауырсақ, аналар дайындаған тәттілер; Дефиле (тоқыма бұйымдарының көрсетілімі); Шағын шеберлік сыныптары, конкурстар, ойындар, билер, концерттік бағдарламаға арналған флешмобтар көрме сәнін кіргізеді.

«ДАМУ» ҚОРЫ

Алматыда кәсіпкерлерді ынталандыру мен қолдау көрсетудің түрлі бағдарламалары жетерлік. Мысалы, жергілікті «Даму» қоры негізгі үш құрал арқылы – екінші деңгейдегі банктер арқылы жеңілдікпен кредит беру, сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау және микро, шағын және орта бизнес субъектілерінің кредиттері/микрокредиттері бойынша ішінара кепілдік беру арқылы мемлекеттік қолдау көрсетеді.



Динара МҰРАТ

БЕЛСЕНДІ АРУЛАР

Алматыда жалпы бизнестің 45%-ын әйелдер басқарады



Ең қызығы, қордың берген ақпаратына сәйкес, осы құралдардың ішінде танымалы – әйелдер арасында жеңілдікті кредит беру екен. Несие берудің жалпы үлесінде әйелдер кәсіпкерлігі – 58%. Ақшалай мәнде бұл – 322 млрд теңге. Әйелдер кәсіпкерлігіне мемлекеттік қолдаудың басым бөлігі Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің (ЕҚДБ) – «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы мен Азия даму банкінің (АДБ) кредиттік желілері арқылы жүзеге асырылды.

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау сияқты құрал бойынша жобалар арасында әйелдер кәсіпкерлігінің үлесі 39%-ды құрады, яғни 16,7 мың жоба. Ақшалай мәнде мемлекеттік қолдау көлемі 1,13 млрд теңгеге жетіп отыр.

Алматыда жалпы бизнестің 45%-ын әйелдер басқарады, яғни жұмыс істеп тұрған 174,5 мың шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 78 000-ының басында әйелдер тұр. Қаламыздағы табысты әйелдер кәсіпкерлігінің мысалы ретінде Алматыда заманауи кәсіби киім тігу бойынша «КазСПО-Н», кондитерлік өнімдерді дайындау бойынша «Цхай» ЖК, «Бижан» ет өңдеу зауыты» ЖШС, косметикалық-сауықтыру қызметтерін ұсыну бойынша «Siluetica» ЖШС, мектеп жасына дейінгі балаларға балабақша ашқан Da Vinci Kids сынды компанияларды атауға болады.

Ал бүкіл республика бойынша әйелдер басқаратын компаниялар COVID 19 пандемиясына байланысты дағдарыс кезінде маңызды әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізді. 2020 жылдың бірінші жарты-жылдығында олар 181 жұмыс орнын сақтап, 107 жаңа жұмыс орнын құрды, өнім шығару 12%-ға – 722,6 млн теңгеге дейін ұлғайды, екі есе артық салық төленді, мұның барлығы арулар басқаратын қазақстандық компаниялардың тиімділігін көрсетеді.

Арулардың басым бөлігі білім беру, жылжымайтын мүлік, тамақтану, сауда және денсаулық сақтау саласында, яғни ең алдымен, әйелдер өз отбасылары мен жақындары үшін пайда әкелетін салаларда жұмыс істейді.

Жалпы, «Даму» қоры кепілдік беру сияқты құрал бойынша 12,6 мың жобаға немесе жалпы санның 38%-ына қолдау көрсетті. Ақшалай түрде осы бағыт бойынша мемлекеттік қолдау көлемі несие сомасы бойынша 322 млрд теңгені құрады, бұл ретте кепілдік мөлшері – 102 млрд теңге.

БАҒА

САУДА ТӘРТІБІ БҰЗЫЛМАСЫН



Нұржамал ӘЛШЕВА

Елімізде әлеуметтік маңызы бар тауарлар 9,9%-ға қымбаттады. Бұл туралы кешегі апта соңына таман Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен, Мемлекет басшысының тапсырмаларын және Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі жедел іс-қимыл жоспарын орындау аясындағы кезекті кеңесте айтылды.

Өткен аптада (биылғы 19–25 наурыз) Қазақстан Республикасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының 1,7%-ға өскені анықталған. Бір апта ішінде ең көп қымбаттаған өнімдер: кырыққабат – 11%, пияз – 9,3%, қант – 6,3%, картоп – 4,7%, сәбіз – 3,3%, тауық жұмыртқасы – 1,7 %.

Мониторингтік топтардың есептеріне сәйкес, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің ƏMAT-қа рұқсат етілген 15% бөлшек сауда үстемесін сақтауына тексеріс жүргізілді. Нәтижесінде бір апта ішінде елімізде 749 сауда тәртібін бұзушылық – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне бағаны рұқсат етілген бөлшек сауда үстемесінен асыру жағдайлары анықталған. ƏMAT-қа сауда үстемелерін асыру қант бойынша 40%-ға дейін, күнбағыс майы бойынша 35%-ға дейін және көкөністер бойынша 25%-ға дейін көтерілгені белгілі болған.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпаратына сүйенсек, Қазақстан Республикасында 24 наурыздағы жағдай бойынша ƏMAT-тың шамамен 1,1 млн тоннаны құрайтын жеткілікті қоры бар. Премьер-Министр Ауыл шаруашылығы министрлігіне ƏMAT қорын бөлуді үйлестіру жұмысын күшейту қажет екенін атап өтті.

ҚАУІПСІЗДІК

«СЕРГЕК» ҚАШАН ДА СЕРГЕК

Қала бойынша камераға тәулігіне 200-ге дейін заң бұзушылықтар тіркеледі



Кұралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұдан былай жол қауіпсіздігі ережелерін бұзған такси жүргізушілері «Сергек» арқылы анықталады.

Қаламызда тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Сергек» бейнебақылау камераларының жұмыс істеп тұрғанына біраз уақыт болды. Аталмыш құрылғы жолдағы жағдайды компьютерлік көру арқылы талдайды. Сала мамандарының айтуынша, қала бойынша камераға тәулігіне 200-ге дейін заң бұзушылықтар тіркеледі.

Алматы қалалық ПД Әкімшілік полиция басқармасы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы бақылау органы ретінде қаладан негізгі шығу жолдарындағы көлік қозғалысы жағдайының шиеленісуіне байланысты қалыптасқан жағдайға алаңдаушылық білдіреді.



Мегаполисте жол жүру ережесін бұзатындардың қатары көбейген. Алматы қалалық Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Нұрлан Аманбектің айтуынша, кейбір азаматтар такси тоқтату үшін жол бойына шығып, қол созып тұрады. Бұл әрекетер жол бөлігін

жасанды тарылтып, көлік кептелісі мен төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соқтырады. Такси тоқтататындар өздерінің ғана емес, басқа да жол қозғалысына қатысушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, біз «Сергек» камераларын қаладан шығатын негізгі жолдарға эксперименталды түрде орнатуды ұсындық. Қазірше бұл ұсыныс Төле би даңғылы – Момышұлы көшесі, Райымбек даңғылы – Момышұлы көшесі, Райымбек даңғылы – Әшімов көшелерін қамтитын болады, – дейді полиция өкілі.

Сонымен қатар, Алматы қаласының полицейлері жол қозғалысына қатысушылардың барлығына (жүргізушілерге де, жауу жүргіншілерге де) Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерінің талаптарын мүлтіксіз сақтау қажеттігі туралы айтуда.

ШАҒАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АРЫҚТАР ТАЗАЛАНДЫ

Алматыда қала көшелерін еріген қар суы басып кетпеуі үшін алдын алу шаралары басталды. Бүгінге дейін қалада жалпы ұзындығы 1145,7 шақырым арық желілері мен өткелдер тазартылды. Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Серік ЖҰМАБАЕВ

Ақпан айының соңында қардың жаппай еруінің алдында су басып қалу қаупін болдырмау үшін Алматы қаласы аудандары әкімдіктерінің мердігерлік кәсіпорындары жалпы ұзындығы 1145,7 шақырым арық желілері мен өткелдерді тазартты, күн сайын 60-тан астам арнайы техника мен 300 қызметкер жұмылдырылды. 16 мың м³ қоқыс пен тұнба шығарылды.

Жауын-шашынның салдарынан наурыз айында жолдың жүріс бөлігі астындағы жерасты арық өткелдерінде тұрмыстық қоқыстың салдарынан арықтардан нөсер суларының құйылу жағдайлары тіркелді.

«Осыған байланысты нөсер суларының кедергісіз өтуін қамтамасыз ету үшін қала



тұрғындары мен қонақтарына арық желісіне қоқыс тастамауды сұраймыз», – делінген хабарламада.

Қазір қалада арық жүйесін тазарту жұмыстары жүргізілуде. Су жиналған жерлер туралы 109 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

Сонымен қатар, су тасқыны болуы мүмкін жерлерді дер кезінде жою үшін тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырып отыр.

ҚҰҚЫҚ

ЕҢБЕК САҚШЫЛАРЫ

Жыл басынан бері мемлекеттік еңбек инспекторлары мыңнан астам жұмыскердің құқығын қорғады.

Ағымдағы жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Мемлекеттік еңбек инспекторлары республиканың 129 кәсіпорнында 2,6 мың жұмыскердің алдында 564,9 млн. теңгеден астам сомаға жалақы бойынша берешекті анықтады.

Осы кәсіпорындардың басшыларына орындалуы міндетті 58 нұсқама беріліп, 11 млн. теңгеден астам сомаға айыппұл салынды.

Қабылданған шаралар, соның ішінде жалақы бойынша берешекті өтеудің қатаң кестелері мен мерзімдерін белгілеу нәтижесінде 1071-ден астам жұмыскердің құқықтары қорғалды. Оларға 442 млн. теңге төленді.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ»

Кәсібің – нәсібің



Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің IT технология, автоматтандыру және агроөнеркәсіптік кешенді механикаландыру факультетінде «Ашық есік күні» болып өтті, оған Талдықорған қаласының «INNOVERSE TALDYQORGAN» мектебінің бітіруші түлектері арнайы келіп қатысты.



Досбол
АТАЖАН

ҚазҰАЗУ басқарма төрағасы-ректоры Тілектес Есполовтың айтуынша: «Ашық есік күнінің» негізгі мақсаты – мектеп бітірушілерге мамандықты дұрыс таңдауға бағыт беру, болашақта ауылшаруашылығы маманы боламын деген талапкерлерге 90 жылдық тарихы бар Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің тыныс-тіршілігін, факультеттердің ерекшелігін, «білім-ғылым-өндіріс» жүйесіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін таныстыру және көрнекті ғалым ұстаздармен кездесу өткізіп, университет кампусымен және студенттермен жүздестіру».

Сапалы мамандар даярлауда Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті еліміздегі аграрлық саладағы жетекші, инновациялық озық білім мен ғылымның қара шаңырағы болып табылады. Республикамыздағы «ұлттық университет» мәртебесі бар 11 жоғары оқу орындарының алдыңғы қатарында көрініп келеді. Сондай-ақ, 2020 жылы Үкімет қаулысымен біздің ЖОО «зерттеу университеті» мәртебесіне ие болды. 2021 жылы әлемдік QS агентігінің рейтингіне қатысқан 1600 ЖОО арасында университетіміз 551-орыннан көрінді.

Университетте қазіргі таңда 6 факультетке қарасты 21 кафедра қызмет етеді.

- *Агробиология;*
- *«Су, жер және орман ресурстары»;*
- *«Бизнес және құқық жоғары мектебі»;*
- *«IT-технология, автоматтандыру, АӨК механизациялау»;*
- *Технология және биоресурстар;*
- *Ветеринария факультеті.*

Оқу орнында білім алушылар үшін барлық жағдайлар жасалған. 2016 жылы университетте халықаралық Агротехникалық хаб ашылды. Оның құрамында 11 ғылыми зерттеу институты, 8 инновациялық орталық, 49 заманауи зертхана, нақты жоба негізінде 18 халықаралық орталықтар жұмыс жасайды. Білім алушыларды әлеуметтік-тұрмыстық қолдау мақсатында 10 Студенттік үй қызмет көрсетеді.

Университет қонақтары озық ақпараттық технологияларды пайдаланатын бірегей Ситуациялық орталықта, Вагенинген университетімен жұмыс істеу институтында, Микроканалды көбею зертханасында, Қазақстан–Жапон, Қазақстан–Беларусь агроинженерлік инновациялық, Су Хабы халықаралық зерттеу орталықтарында, Сүт және сүт өнімдерінің референттік зертханасында, сондай-ақ «Парасат» клубында болып, барлық білім беру жүйесі мен ғылыми-зерттеу процестерімен жақын танысты.

БАЙҚАУ



Жеңімпаздар марапатталды

27 наурыз күні «BILIM Hackathon-2022» IT байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Шараға Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов қатысып, жеңімпаздарды құттықтады.

«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

БУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІ сөз болды

ҚР Ұлттық кітапхана ғимаратында Алматы қаласы әкімдігі мен «Сенімен Болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен балалар буллинг тақырыбына арналған жиын өтті.

Н.Дәулетова атындағы залда өткен «Дөңгелек үстелдің» мақсаты – отбасындағы буллинг және зорлық-зомбылық тақырыбындағы мәселелерді талқылау, алдын алу бойынша бірлесіп жұмыс жүргізу.

Іс-шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Динар Нөкетаева мен Дана Нұржігіт, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ирина Смирнова, «Сенімен Болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы, қоғам қайраткері Нұркен Асанов, «Сенімен Болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Рақымбек Жолаев, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры Ербол

Жарысқа қатысуға еліміздің барлық өңірінен 107 команда өтініш берді. 230 студенттен құралған 72 команда финалға жолдама алды.

Байқау білім мен ғылым саласында жаңа IT жобаларды жасауға бастамашылық ету, сондай-ақ қазіргі және болашақ IT мамандарды ынталандыру мақсатында өткізілді. Қатысушылар білім беру саласына қатысты сан түрлі цифрлық жобаларды ұсынды.

Жүлде қоры 3,5 миллион теңгені құрады. Жеңімпаз студенттер ақшалай сыйлықтармен қоса, Daryn online, BTS Education, EDUS және Mail.kz және басқа да қазақстандық IT-компанияларда жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болды. Оған қоса, кейбір цифрлық жобалар өз инвесторларын тауып та үлгерді.

Қазылар алқасының шешімімен Nazarbayev University және Astana IT University студенттері жеңімпаз атанды. Екінші орынды Назарбаев университетінің тағы бір командасы жеңіп алды. Үшінші орын Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің, Suleyman Demirel University және Astana IT University студенттерінен құралған топқа бұйырды.

Тілешов, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Шахмардан Байманов, Адам құқықтары жөніндегі заңгер, PhD Халида Ажиғулова қатысты. Сондай-ақ, оған елімізге белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, педагогтар, психологтар, бала құқығын қорғау жөніндегі заңгерлер, депутаттар, БАҚ өкілдері, Алматы қаласындағы білім беру ұйымдарының ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңес мүшелері, т.б. кәсіби мамандар атсалысты.

Сонымен қатар, жиналған қауым «Сенімен Болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігі Алматы қаласы бойынша филиалының ашуына қатысып, өздерінің ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Айта кеткен жөн, қазіргі таңда республикалық ата-аналар ұйымының Шығыс Қазақстан, Павлодар, Түркістан, Қызылорда, Маңғыстау, Атырау, Жамбыл облыстары мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 10 филиалы ашылып, 15 мыңнан астам мүшесі аудан мен қалаларда жұмыс атқаруда.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ДЕНСАУЛЫҚ

Кардиология бөлімі ашылды



Алматыдағы №4 қалалық клиникалық ауруханада 30 төсектік кардиология бөлімшесі ашылды.

Аурухана баспасөз қызметінің мәліметінше, Түркісіб және Жетісу аудандары тұрғындары жүрек-қан тамыр жүйесі патологиясы бар науқастар жақын жерден білікті, жоғары технологиялық кардиологиялық медициналық көмек ала алады.

«Бөлімшеде заманауи медициналық технологиялар – ЭКГ, ЭхоКГ, Холтер, АҚТМ, УДЗ, КТ, МРТ, рентгендік диагностика, эндоскопиялық зерттеулер және зертханалық диагностиканы қолдана отырып, науқастарды кеңейтілген тексеруге, диагнозды нақтылауға және дәлелді медицина принциптеріне негізделген адекватты терапия таңдауға барлық мүмкіндіктер бар», – дейді бөлімше меңгерушісі Ризвангүл Якупова.

Кардиология бөлімшесінде жедел коронарлық синдром, тұрақсыз стенокардия, гипертониялық криз және т.б. коронарлық ангиографиямен стенттеу диагнозымен жедел науқастарды консервативті және кардио-интервенциялық емге ауруханаға жатқызу; стент қою арқылы жоспарлы коронарлық ангиографияға жоспарланған науқастарды госпитализациялау; кардиореабилитацияға жоспарланған науқастарды госпитализациялау қызметтері көрсетіледі.

ТАБЫС

Жалақы өседі



2023 жылға қарай дәрігерлер жалақысы орта есеппен 550 мың теңгеден асады.

Бұлар туралы

ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің студенттерімен кездесуінде айтты. Министрдің айтуынша, бүгінгі таңда 8 жоғары оқу орны республиканың білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген 60-тан астам медициналық мамандық бойынша білім береді. «Жыл өткен сайын мамандықтың беделі артып, медицинаға қызығушылық танытатын жастар көбейіп келеді. Медициналық жоғары оқу орындары жыл сайын 9 мыңнан астам маман бітіреді. 2021 жылдан бастап Денсаулық сақтау министрлігі грант құнын өсірді, бұл медициналық жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға айтарлықтай әсер етеді. Медицина қызметкерлерінің жалақысын жыл сайын, жүйелі түрде арттыруға көбірек көңіл бөлінуде. 2023 жылға қарай дәрігерлер жалақысы орта есеппен 550 мың теңгеден асады және Қазақстандағы орташа жалақыдан 2,5 есе жоғары болады», – деді министр.

ДДСҰ

МСАК аясы кеңейеді



ДДСҰ Қазақстанда алғашқы медициналық-санитарлық көмек жөніндегі тұңғыш платформасын ашады.

Бұл жөнінде аталған ұйымының Еуропалық өңірлік бюросының басшысы Ханс Клюгенің Қазақстанға келген ресми сапарында мәлім болды. «2016 жылы ДДСҰ

мен Қазақстан бірлесіп ДДСҰ-ның медициналық-санитарлық алғашқы көмек жөніндегі Еуропалық орталығын құрды. Соңғы екі жылда біздің жұмысымыз айтарлықтай жеделдеді. Біздің медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету жөніндегі офисіміз Қазақстанда – медициналық-санитарлық алғашқы көмек жөніндегі екі маңызды жаһандық декларацияның отаны – 1978 жылы Алматы қаласында және 2018 жылы елордада орналасқанына өте қуаныштымын. Қазақстан тұрақты даму саласындағы бірнеше мақсатқа қол жеткізудің іргетасы болып табылатын медициналық-санитарлық алғашқы көмек саласындағы әлемдік және өңірлік көшбасшы болды және болып қала береді», – деді Ханс Клюге.

Ажар Ғиният Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамту мақсатына қол жеткізуге арналған бірлескен іс-шараларды өткізуге дайындығын растай отырып, Қазақстан алдағы уақытта да МСАК жөніндегі осы екі декларацияны жаһандық деңгейде белсенді түрде ілгерілететінін атап өтті.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



САХНА

КӨПТЕН КҮТКЕН
КОНЦЕРТ

Дубайдағы әйгілі Coca-Cola Arena-да Димаш Құдайбергеннің көптен күткен концерті өтті. Екі жыл мәжбүрлі үзілістен кейін Димаш сахнаға жаңа жеке концертпен оралды.

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Өртiс өзiнiң тыңдаушыларын өткен шоулардың сүйiктi композицияларынан және пандемия кезiнде жазылған жаңа әндерден тұратын жаңа бағдарламамен қуантты. Димаштың «Алтын командасы» «Golden» композициясының әуенiмен сахнаға шығып, алғашқы секундтардан бастап концертке ерекше атмосфера орнатты. Осыдан кейiн әртiс өзiнiң барлық тыңдаушыларын көптеген рейтингтер мен соңғы диаграммалардың чемпионы «Fly Away» әнiнiң әуенiмен «бiрге самғауға» шақырды.

«Қайырлы кеш, қымбатты достар! Мен сiздердiң алдарыңызда осы сахнада өнер көрсеткенiме өте қуаныштымын. Екi жылдан астам уақыт бойы бiз кездесе алмадық. Сiздердiң махаббаттарыңыз бен қолдауларыңызға алғыс айтамын!», – дедi Димаш көрермендерге.

Концерттiң екiншi блогы Олжас Құрманбектiң сахнаға шығуынан басталды.

Қобыздың шебер қолындағы дыбыс Игорь Крутойдың 2021 жылы «Новая волна» фестивалiнде алғаш рет шыққан «Stranger» композициясының лейтмотивi болды. Димаш пен Dears үшiн айтулы «S.O.S» әнi бұл жолы басқаша шықалды.

Әншi осынау трагедиялы пандемия кезеңiнде жақындарынан айрылған жандарға, адамзат жанының арашасына айналған әлем дәрігерлерінің құрметіне және бетпердемен тұмшаланса да өмірге деген құштарлығы сөнбеген барша жұртқа «Неге өмір сүріп, неліктен кетем?» деген әнін арнады.

Димаштың алдағы уақытта Дюссельдорф пен Прага қалаларында жеке концертi ұйымдастырылады. Сондай-ақ, Димаш Дубайдағы EMI GALA Fashion Awards 2022 байқауында «Халықаралық деңгейдегі ең үздік жұлдыз» деген атаққа ие болды. Жұлде тапсыру салтанатына музыканттың отбасы да қатысқан. Әншi бұл жолғы марапатын әжесіне арнап, оны сахнаға шақырып, өз қолымен тапсырды.

МЕРЕКЕ

Наурыз – қазақ халқы үшін атаулы мереке. Мейрам кезінде «жаңа жыл келді, күн мен түн теңелді» деп барлық өңірлерде ұлан-асыр той жасалып, еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін бірі қалмай қатысады. Алматыдағы Абай атындағы республикалық мектеп-интернатында да бұл мереке ерекше атап өтіледі.

БІЛІМ ОРДАСЫНДАҒЫ
ТОЙДосбол
АТАЖАН

Наурыз айының соңына қарай сенбі күні, дәстүрлі түрде оқушыларға демалыс беріліп, мереке мектеп қабырғасында тойланады. Мейрам тек концерт қоюмен шектелмейді. Әр сынып өз бөлмесін киіз үй стилінде сәндеп, дастархан жаяды. Мерекелік шараға дайындық бір-екі апта бұрын басталады. Әр сынып өзінің өнерпаздарын дайындайды, өз кабинетіне «Абай ауылы», «Мұқағали ауылы», «Талхиз мегаполисі» деген сынды тарихи тұлғалардың есімдерін немесе ертедегі қала аттарын береді. Мектеп ауласына киіз үй тігіледі. Мейрам күні оқушылар мен ұстаздардың барлығы

ұлттық нақышта киінеді. Алдымен мерекелік концерт өтеді. Бұл шара барысында ән мен күйден бөлек дәстүрлі түрде айтыс өткізіледі, кішкентай баланың тұсауы кесіледі және өзге де қазақы салт-дәстүр көрініс табады. Одан соң, әр сынып бір-бірінің ауылдарына айттап барып, қонақ болады. Келген қонақ құр кетпей, міндетті түрде өз өнерін көрсетеді: ән не арнау айтады, күй шертеді және т.б. өнерін паш етеді. Басқа кезде мектеп-интернат қабырғасына кіре бермейтін ата-аналар балаларымен бір дастарханда отырып, сағынышын басып, маз-мейрам болады. Бұл дәстүр карантин кезіндегі шектеулерге байланысты тоқтағаны болмаса, біраз жылдан бері білім ордасында үздіксіз жасалып келеді.



P.S.

Керемет көңіл күй сыйлап, адамдарды біріктіретін Наурыз мейрамын Алматының өзге мектептері де Абай атындағы мектеп-интернатынан үлгі алып, жоғары деңгейде атап өтсе дейміз.

РУХАНИ ҚАЗЫНА



Қай заманда болса да, қызықты кітаптардың оқырманы сейілмеген. Әлемдегі ерекше туындылар көпшілікті баурап келеді және жыл өткен сайын олардың құны артып барады.

Соңғы уақыттары кітапқа құмартушылық байқалады. Әсіресе, жастар шытырман оқиғалы, таңғажайып құбылыстарды суреттейтін туындыларға ынтық. Бәлкім, батыс пен жапон, корей елдерінің аниме жанрының кірігуіне байланысты шығар. Сонымен қоса, тағамтордағы сыртқы фактор қатты әсер етеді. Қазір

бұрынғыдай бума-буа қағаз арқалайтындар аз. Көбісі электронды оқырмандар қатарына қосылуда. Бәрі оңтайланған. Оның үстіне, аудионұсқаны тыңдайды. Баршасы алдыңызда тұр. Бұдан кәсіп істеп, ақылы етіп, пайда тауып, сайт ашып жүргендер бар. Бұл да заманауилықтың бір белгісі деп ұғамыз.

АҚЫЛДЫ ҚУАТТАНДЫРАТЫН

Адамзат кітап оқудан түрлі ләззат сезінеді.

ОЛАР:

- Зеректік қалыптасады;
- Ұшқыр ойлайсыз;
- Жүйке тынығады;
- Іліміңіз артады;
- Ішкі жан-дүниенің қуаттанады;
- Құштарлық еселенеді;
- Рухани кемелденесіз.

Көбіміз рухани құндылықтардан алшақтап қалдық. Әлеуметтік желіге ауып кеттік. Десе де, барша ілімнің астары, маңызы, жауһар жырлар кітаптарда жатқанын ұмытпағанымыз абзал.

Бүгінгі оқырман талғамы басқа. Бұрынғы ізбен жүрмесі анық. Ұзын-сонар сөйлемдер, қат-қабат шығармалар, том-том дүниелер көпшілік аудиторияны қызықтыра бермейді. Десе де, романдар оқитындардың өз қызығушылығы бар.

Осыған байланысты назарларыңызға жиі оқылатын 6 кітаптың тізімін ұсынамыз.



«АБАЙ ЖОЛЫ»


Көрнекті қаламгер Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы халқымыздың ұлы құндылығы болып табылады. Бұл кітапта данышпан Абай ағамыздың өмір жолы, қызметі, XIX ғасырдағы қазақ қоғамы суреттелген. Шамамен 50 жылдық уақыт қамтылған. Ең қызығы, «келбет» – деген сөзді 50-ден аса синониммен беріпті. Автор осы шығармада 17 мыңға жуық сөз қолданыпты. Бұл – қазақстандық туындылар арасынан шет тіліне ең көп аударылған шығарма.



КӨРМЕ

«ТЕРЕЗЕГЕ ҚАРАСАМ ТЕҢІЗДІ КӨРЕМІН»

Ә.Қастеев атындағы өнер музейінде «Целинный» заманауи мәдениет орталығының Ümit бағдарламасы аясында алматылық жас суретші Вероника Тришинаның «Терезеге қарасам теңізді көремін» атты дебюттік көрмесі ашылады.



Көрме «Периодика» көрме залының жаңа визуал бейнесін жасауы арқасында иммерсивті формаға ие болады. Ümit бас-тамасының мақсаты – қазақ өнеріндегі жаңа есімдерді анықтау және жергілікті көркемөнер сахнасының жас суретшілерін қолдау.

Жеке көрме жасауға суретшінің қысқы теңіз бейнесіне енуге деген импульсивті ұмтылысы себеп болды. Бұл жобада Вероника өз тәжірибесінің сипаттамасын кеңейтіп, оған түс көруді жаңғырту және сюрреалистік теңіз қаласын дрейфке шақыруды қосады. Экспозиция картада тұрған кездейсоқ шартты теңізде өтеді. Өнер тарихында мұндай жолды ситуационист суретшілер қолданған, трансценденттік тәжірибе іздеу барысында күтпеген бағыттарды белгілей отырып, олар түс пен шындық арасындағы шекараларды бұздыратқан. Символизмге толы саяхатты «мұхит сезімі» тәжірибесін жазатын күнделік ретінде қарастыруға болады.

Көрменің басты жұмысы – екі арналы видеоэссе. «Терезеге қарасам теңізді көремін» – фантом естеліктерді аңсау сериясының жалғасы мен дамуы. Әлемдік әде-

биетте мұндай асқақ эмоция жазушы және мистик Ромен Ролланның шығармаларында мұхит туралы пайымдаған кезде жиі туындайтын сезім ретінде көрініс табады. Роллан Зигмунд Фрейдпен хат алмасқанда «мұхит сезімі» терминін діни экстазбен салыстыруға болатын мәңгілік сезім ретінде сипаттайды. Фрейд бұл терминді «Мәдениетке наразылық» трактатында айтып өтеді, бірақ оның сипаттауы Ролланмен келіспейді және ол бұл ұғымды психоанализ тұрғысынан қарастырады, әлеммен бірлік сезімін және субъективті «Мен» мен ана құшағындағы баланың объективті сыртқа әлемі арасындағы ажырамас күймен байланыстырады.

Суретші Вероника Тришина Алматыда жұмыс істейді. Оның тәжірибесі деректі фотосуреттерді, цифрлық коллаждарды және кино түсіруді біріктіреді. Тришинаның көркемдік зерттеулері жад, денелік және адуынды толқындардың мазасыз бейнесімен теңестіру тұжырымдамасына негізделген. Көрмеге қойылған жұмыстар Ақтау қаласына саяхат күнделігі негізінде жасалған.

Көрме сәуір айының 29-ына дейін жалғасады.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН!



СМАРТФОНҒА ТӘУЕЛДІЛІК САЛДАРЫ

XXI ғасыр – жаңа технология дәуірі. Мұнда жылдамдық, бәсекеге қабілеттілік, даму – бәрінің қатар жарысқанын байқауға болады. Көбіміз осы аталған қағидаттармен бірге ғұмыр кешудеміз. Бәлкім, оны әрбіріміз назарымызға ілмеуіміз де мүмкін.

Уақытты ұрлайды. Әсіресе, әрбір сәт баршамаз үшін маңызды. Тіпті, өте өзекті деп айтсақ, артық емес. Өйткені, заманның өзі осыған әкеліп тіреп тұрғандай сезіледі. Барлық істеріміз смартфонға байланысты болып барады. Онысы жақсы-ау?! Десе де, бір нәрсе жасаймынның керімен арасында интернетке басымызбен кіріп кетіп жатамыз. Тым тәуелдіміз. Соның нәтижесінде сағаттап әлеуметтік желіде отырамыз. Сондай-ақ, суреттер мен бейнероликтерге үңіліп қаламыз. Бұның бәрі уақыттың зая кетуіне, қалжырауға алып келеді. Сондықтан сәл де болса бақылау жүргізген абзал.

Таңғажайып, бірақ абайлайық! Ғылыми технология туралы айтып қалдық. Текке мысалдамадық. «Егер бірнеше жүз жыл артқа шегінсек, бүгінде біз қарапайым нәрселер деп санайтынның бәрі

сиқырлы болып көрінер еді. Мысалы, қашықтықтан сөйлесу, ұшу, үлкен көлемді ақпаратты өңдеу, бүкіл әлемді алақандай телефоннан тамашалау, т.б. Шынында да, бұрын бұл сиқырға ұқсайтын еді. Енді бүгінде сиқыр боп көрінетін болашақтағы қарапайым «ғажайыпты» сіз де ойлап таба аласыз ғой», – дейді өнертапқыш әрі әлемнің ең бай адамы Илон Маск. Шынында да солай. Дегенмен, әр нәрсенің өзіндік мөлшері болғаны жөн. Сонда баланс сақталмақ.

Тиімді қолдану пайдалы. Қазір телефонсыз тірлік біте қоймайды. Бұл анық нәрсе. Сондықтан орнымен смартфонды пайдаланатындар уақытты ұтады. Істерін жылдам бітіреді. Мәселен:

- Шаруа жедел шешіледі;
- Уақыт үнемделеді;
- Дұрыс қолдансаңыз, көңіл сергиді.

P.S.

Біз үшін смартфонның тиімділігі жоғары. Оны мойындау қажет. Жоғарыдағы ойларды топтастырып, саралағанда, шығатын ой біреу. Ол – тиімділікке жұмыс істеп, артық уақытты кәделі іске жаратсақ, нұр үстіне нұр болмақ.

ҚҰРАЛ



«КӨШПЕНДІЛЕР»

Жазушы Ильяс Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи-трилогиясы қазақ халқының сан ғасырлық шежіресін қамтиды. Мұнда 5 ғасырлық оқиға, яғни XV-XIX ғасыр аралығындағы Қазақ хандығы өмір сүрген кезеңі жазылған.


Айта кетерлігі, «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» сияқты үш бөлімге бөлінген.

Аталған туынды желісімен Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Қазақ елі» атты тұңғыш тарихи телесериал түсірілді. Сонымен бірге, трилогия көптеген тілдерге аударылған. 2012 жылы «Көшпенділер» жапон тілінде жарық көрді. 2012 жылы неміс тіліндегі аудармасы шықты.



«МӘМЛҮК»

Әйгілі сценарист әрі режиссор Ермеқ Тұрсынның «Мәмлүк» кітабы көпшілік оқырманды өзіне бірден баурады. Ұлы даланың бір қиырынан шығып, Египет, қала берді күллі араб түбегіне аты мәшһүр болған, жасында құлдыққа сатылған, айыны мен қайсарлығы арқасында 17 жыл патша болған қыпшақ-мәмлүктен шыққан Сұлтан Бейбарыстың ғұмырнамасы суреттелген. «Бұл шығарма осыған дейін араб, орыс тілдерінде басылып еді. Қазақша аудармасын кезінде Герольд Бельгер оқып, айрықша мадақтап, ыстық ықыласын білдіріпті. Сондай-ақ, 11 жыл дегенде қаржылай қолдау табылып, жарық көрді.



«ЕКІНШІ БОЛМА»

Бұл туындының авторы ақын да, жазушы да емес. Десе де, аталған салалардан қашық емес. Қайта рухани табиғаты үндес. Табысты кәсіпкер Қуаныш Шонбай бұл кітабында тұлғаны және бизнесті дамытуға қатысты ақпараттармен бөліседі. Екі жарым жылда «Rumi Group» мейрамханалар желісі ең дәмді танымал және беделді брендке айналды. Алайда, оны білетіндер осы 2,5 жылды ғана көреді. Ал бұған дейінгі Қуаныш мырзаның 8 жыл бойы шыңдалған, дайындалған, қателескен, өкінген, банкротқа ұшырап, қайта көтерілгенін көбі білмейді де. Автор өзінің мысалында келтірген даму жолдары мен оның қазақша жеңіске жету теориясы өзіңізді және кәсібіңізді жаңа деңгейге көтеруге көмектеседі.

Сонымен бірге, жастар арасында ерекше қызығушылық тудырды. Ғаламторда ең жиі оқылатын және сатылымы жоғары кітаптар қатарына жатады.



«МЕНИҢ ЕКІНШІ КІТАБЫМ»

Қазіргі таңдағы рейтинг бойынша тізімді бастап тұрған кітап дей аламыз. Мұны жазған – тележүргізуші Ләйла Сұлтанқызы. Ол әйел затына бағыттап, отбасы мен нәзік жандылардың өмірі туралы сыр шертеді. Сонымен қоса, тағдыр жолында кездескен түрлі қиыншылықтар айтылады. Сол ұшырасқан келеңсіз жайттардан, шығу-дың жолдары, қаймықпай қарсы тұру, өз-өзін дәлелдеу сынды, т.б. дүниелер қозғалады.

Көбіне мансапты қалыптастыру, қоғамда қыз-келіншектердің беделін қалыптастыру жағынан қажетті мотивация беріледі.



«ӨЗІНДІ ОЯТ!»

Қазақстандағы ең жас кәсіпкерлердің бірегейі Аманжол Рысмендиевтің «Өзінді оят!» кітабы мотивациялық бағытта жазылған. Соңғы уақытта бағасы құнды әрі жиі сұранысқа түсіп жүр. Жас өрендерге негізделген, бизнеске құштарлықты оятатын еңбек. Еліміздің түкпір-түкпірінде осы кітап бойынша түрлі тренингтер мен құлшынысты оятатын семинарлар өтіп келеді. Оқырмандар аудиториясы жастар екені айқын. Өмірде өз кәсібін ашып, оны жетілдіріп, әлемдегі ең бай адамдар тізіміне енгісі келетіндер арасында аса зор сұранысқа ие. Нарықтағы бағасының қымбаттығына қарамастан, сатып алушылар азайған емес. Сонымен қоса, суреткер психологиялық аспектілерді де қосып жазған. Соның нәтижесінде аталған туынды алдыңғы қатарда тұр.

Бетгі дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



АЗАСӨЗ

Екеуіміздің арамызды алты жас алшақтығы бөліп тұрса да, мен оған ағалық танытып көрген емеспін. Себебі, ол жастайынан бар нәрсеге байыппен қарайтын зерек бала болып өсті. Сондықтан болар, әркез мысы басып тұратын. Ал енді ұқыптылығы сонша, мектеп қабырғасында жүргеннен аяқкиімі жылтырап, шалбарының қыры сынбайтын. Және де ауылдың қарасирақ баласы болып өскендіктен бе, мен өзім де оның осындай жүріс-тұрысына қарап, бой түзейтінмін. Тіпті, сабаққа дайындалып отырған үстелінің үстінде де артық зат жатпайтын. Кітаптары мен дәптерлері де қыздың жасауындай, жып-жинақы тұратын. Осындай бекзат қасиеттері арқылы оның өз қатарластарына қарағанда ерте есейгенін байқау қиын емес еді.

Өлі есімде. 1976 жылы 13 жасымда ағаш Алматыға келіп, қазіргі Абай атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатқа орналастым. Ол мектеп-интернатқа қабылдануыма белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы-журналист Кәкімжан Қазыбаев нағашым себепкер болған еді. Және де сол оқу ордасында Кәкімжан ағаның жолдасы, есімі елімізге белгілі педагог-жазушы Орынша Қарабалина апай сабақ беретін. Нағашымның кенже ұлы Батыр болса сол жылы бірінші класта орыс мектебінде оқитын. Интернат нағашымның үйіне жақын жерде болғандықтан, ол кісінің шаңырағына жиі баратынмын. Бір жағынан ауылды да қатты сағынамын.

Кәкімжан ағаның үйіне барған сайын Рейхстагқа ту тіккен қаһарман батырымыз Рақымжан Қошқарбаев, белгілі жазушы-журналистер Сапар Байжанов, Камал Смайылов, Бақытжан Момышұлы, Зейнеп Ахметова, әдебиетші ғалымдар Шерияздан Елеукевен пен Мұхтар Арын, т.б. жиі көретінмін. Сол кезде осындай тұлғалардың әңгімесін тыңдап, қолдарына су құю бақытына ие болған тағдырыма әлі күнге дейін мың да бір шүкіршілік етемін. Бұл жағдайлар өмірде өз жолымды тауып, азамат болып қалыптасуыма үлкен ықпал еткенін ешқашан естен шығарған емеспін. Ал енді қонақтар қайтуға жиналған кезде Батыр екеуіміз сырт киімдерін кигізіп, қызмет жасайтынбыз. Олар бізге рахметтерін айтып, баталарын беріп жататын. Түсінген адамға бұл да бір үлкен мектеп екені сөзсіз, әрине.

Батыр жастайынан өте зерек болды. Бірде ол мені шахмат ойнауға шақырды. Шахматты мықты ойнамасам да, өз қатарластарымның біразын ұтып жүрген болатынмын. Ұят-ау! Сол кезде жеті жасар баладан ойсырай жеңіліп, бетімнің қызарғаны әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Менің бұл жеңілісімді көрген Кәкімжан аға: «Ой, Бекен-ау! Қаршадай баладан жеңіліп не көріңді? Шахматты жақсылап үйрен. Ол адамның тактикалық ойлау қабілетін арттыратын интеллектуалдық ойын» дегенде, өзімді қоятын орын таппай қалған едім. Өкінішке орай, бізден талантты шахматшы шықпады. Кейіннен көп нәрсеге қол жеткізген адамдардың өмір жолын зерттеп қарасам, шынымен де көбісі жастайынан шахматты мықты ойнапты.

Екеуіміз өмірде нағашылы-жиен болсақ та, туған ағалы-інлерден артық сыйластық. Менің 13 жастан бергі бүкіл өмір жолым Кәкімжан аға мен Орынша апайдың тәрбиесінде өтті. Жоғары оқу орнына түсуіме де, кейіннен Алматыда қызметке қалуыма да себепкер болған осы кісілер. Сондықтан да өмірде бір биікке қол жеткізсем, оны Кәкімжан аға мен Орынша апайымның тәрбиесінің арқасы деп мойындап жүремін. Ал енді Батырдың азамат болып қалыптасудағы болмысы бізден сәл бөлектену болды. Мектепті алтын медальға, университетті қызыл дипломға бітірді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінің соңғы курсынан Америкадан оқыды. Ағылшынша жосылтқанда алдына жан салмайтын. Мінезі орнықты және көп сөзге сараң болғандықтан ба, бос мылжынды ұнатпайтын. Еңбекқорлығы сонша, үнемі уақыты жетпей жүретін. Әрине, өркеніте өрісіндегі бәсекелестік белең алған заманда медиа холдинг құрып, оны аяғынан тік тұрғызу оңай шаруа емес. Ол үшін қаншама тың идеялар мен ізденістер керек екені айтпаса да түсінікті.

Батырдың бойындағы тағы бір айта кететін ерекше қасиеті – ешқашан ішіндегі сырын ашпайтын. Және де қолында бар мүмкіндігі бола тұра, басқалар сияқты

БӘЙТЕРЕГІМ ҚҰЛАДЫ БИІГІНЕН...

Белгілі журналист әрі медиаменеджер Батыр Қазыбаевтың қазасына орай



ПРЕЗИДЕНТ КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі журналист, медиаменеджер Батыр Қазыбаевтың дүниеден өтуіне байланысты оның анасы танымал қаламгер, ұстаз Орынша Қарабалинаға көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Ардақты ұлыңыз Батыр Кәкімжанұлы ақпарат саласында табысты қызмет етіп, ірі медиажобаларды жүзеге асырды. Отандық ақпараттық порталдар, радио мен телеарналардың негізін қалап, еліміздің журналистика саласының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Өзінің табиғи қарапайымдылығымен, ұшқыр ойларымен және іскерлігімен елге сыйлы болды. Өмірде адал еңбек етіп, өз ісінің білгір маманы ретінде соңына өшпес із қалдырған Батыр Кәкімжанұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды», делінген Президенттің жеделхатында.

жетістіктерін жария етіп, өзінің жағымды имиджін қалыптастыруға талпынған әрекеттерге де бармайтын. Бұл оның арзан беделге бой алдырмайтын өмірлік қағидаты болатын. Осындай қарапайымдылығы оның бүкіл болмыс-бітімін ашып тұратын. Әкесі Кәкімжан аға да сондай азамат еді. Олай дейтінім, Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы болып тұрған кезде өзінің кітаптарын да шығартпады және шығармашылығын жарнамалауға жол бермеді. Осы орайда бірде Д.А.Қонаевтың Кәкімжан ағаға: «Сырға берік жігіт екенсің. Сырға беріктік – сынға беріктік» деп жазған естелігі есімде қалып қойыпты. Батыр да сондай сырға да, сынға да берік азамат болғандықтан, ешқашан арғынан өсек-аяң ергізген жоқ. Мен оның бойындағы осындай қасиетіне тәнті болатынмын. Яғни ағасы ретінде ол менен емес, мен одан үлгі алатын едім.

Кейде адамның тағдыры азан шақырып қойылған атына да байланысты қалыптасады деген тәмсіл де дұрыс шығар. Оның есімінің Батыр деп қойылуының да өз тарихы бар. Оған Батыр деген рухты ұғымға негізделген есімді Рейхстагқа ту тіккен қазақ батыры Рақымжан Қошқарбаев ағамыз қойған болатын. Ол жастайынан батыр ағаларының тәрбиесін көріп, солардың батасын алып өсті. Олай дейтінім, Кәкімжан ағамыз жастық шағында қазақтың біртуар батыры Бауыржан Момышұлы ағамыздың үйінде тұрып, сол кісінің де біраз тәрбиесін көрген жайы бар. Рақымжан ағамен танысуына да себепкер болған Бауыржан Момышұлы. Ал Рақымжан ағамен жамбасы жерге тигенше туған ағалы-інілердегі сыйласты. Батыр да сол батыр ағаларының айтқанын зердесіне түйіп, аялы алақанының табын сезінген баланың бірі және бірегейі. Сондықтан болар, Рақымжан Қошқарбаев аға Батырды ерекше жақсы көретін. Өз баласы сияқты құшағына басып, ерекше мейірім танытқанын көргенде қатты қызығатын едім.

Иә, өмір болған соң биікке шығып, сүйіндік те, өзекке түсіп, күйіндік те. Сондай кездерде Батырға хабарласып, ақыл-кеңес сұраған кездерім де көп болды. Бірде оған жеке шаруаммен хабарласқан кезде: «Жарайды, шешуге болатын проблема» деп көңілімді көтеріп қойды. Алайда, арада бір аптадай уақыт өтті. Батырдан еш хабар болмаған соң, шыдамай телефон шалдым. Сол кезде сыпайы ғана: «Бекен, сен тым шыдамсыз екенсің ғой...» дегенде ұялғаным-ай. Бұл оқиға да мен үшін үлкен сабақ болды. Көп ұзамай айтқан уәдесінде тұрып, проблемамды шешіп берді. Кейіннен балаларыма да көп көмегі тиді. Осылайша менің ағалығымнан гөрі, оның маған інілік қамқорлығы көп болды. Алайда, бірде-бір рет жасаған жақсылығын бұлдап, міндетсінген емес. Оның азаматтығы да, адамгершілігі де осындай бекзат қасиеттері арқылы айқындалып тұратын.

Батыр інім еңбек жолындағы барлық биіктерге өзінің білімділігі мен біліктілігі және адамгершілік қасиеттері арқылы жетті. Мемлекеттік қызметте Ақордадан бастап Министрлер Кабинетінің канцелярия меңгерушісінің орынбасарына дейін көтерілді. Содан кейін медиабизнеске ауысып, өзін жаңа менеджерлік қырынан танытты. Басқалар сияқты әкесі мен көкесіне сенген жоқ. Себебі, әкесі Кәкімжан аға Батыр университетте екінші курста оқып жүрген кезде қайтыс болып кеткен болатын. Өмір болған соң талай қиындық пен әділетсіздіктерді де бастан кешірді. Алайда, ешбіріне мойыған жоқ. Соның нәтижесінде өзі негізін қалап, басқарып отырған «Алаш медиа групп» холдингіне қарайтын («Tengrinews kz» ақпараттық сараптамалық порталы, «Massaget kz» жас-тар порталы, «Жұлдыз FM», «Ретро FM Казахстан» радиоарналары, «Vesti.kz» спорт жаңалықтары, «СТВ» және «7 каналдары») әлеуметтік желілерді бұқаралық ақпарат кеңістігінде биік дәрежеге көтерді. Оған мысал ретінде медиа холдингтің құрамындағы бір ғана «Tengrinews» ақпараттық-сараптамалық порталындағы жаңалықтарды күніне 500 мыңнан аса оқырман қарайтынын және инстаграм парақшасында 2 миллионнан астам аудиториясы бар екенін айтсақ та жеткілікті. Сонымен қатар, 2011 жылдан бастап бірнеше мәрте еліміздегі ең үздік сайт дәрежесіне көтерілді.

Тағы бір ерекше айта кететін жайт, Батырдың тікелей басшылығымен Алматы қаласында бірнеше жыл қатарынан өткізілген халықаралық этникалық «Spirit of Tengri» фестивалі елімізді әлемдік деңгейде танытты. Оны тамашалау үшін Республика сарайы алдына 20 мыңнан астам адам келіп, Алматы кеші әсем әуенге бөленетін. Осылайша Батыр Кәкімжанұлы медиа саласындағы журналист қана емес, кәсіби менеджерлік пен продюсерліктің де жарқын үлгісін көрсетті. Ауқымды шаралардың сценарийін де өзі дайындайтын.

Ол қызмет барысында тамыр-таныстық арқылы материалдар шығаруға және біреудің тапсырысын орындауға жаны қас болатын. Басқа жұмыстары басынан асып жатса да, әр материалдың мазмұны мен сапасына ерекше көңіл бөлді. Журналистиканың таптаурын болған ескі сарынынан бас тартып, бүгінгі күн талабына жауап бере алатын озық үлгідегі ақпараттық әдістермен жұмыс істеуге тырысты. Әсіресе, адамның ары мен намысына тиетін материалдарды басқызбайтын. Қоғамдық пікірлерді ешкелеп, ақпараттарды саралау барысында дақпырт туғызатын арзанқол сенсациялық әдістерге де барған емес. Олай дейтінім, өз басым бір-екі мәрте кеден саласындағы контрабандалық әрекеттер туралы мақала апарған кезде: «Бекен, мына жерлерін кішкене дұрыстап жазып әкеліші» деп қайтарып та жіберген кезі бол-

ды. Мен оған ренжіген жоқпын. Себебі, жастайынан өзіне де, өзгеге де талапшыл екенін жақсы білемін. Ондай болмаса бұндай биікке жетпес еді, әрине.

Батыр жайлы әңгіме қозғаған кезде оның отбасының тіреуі ретіндегі ерекше тұлғасына да тоқтала кеткенім артық болмас. Ол отбасында өзінің әке ретіндегі рөлін әрдайым жоғары ұстады. Балаларының көзінше жат қылық жасап, дауыс көтермейтін. Ол әрине, әкесі мен анасынан алған үлгісі. Себебі, өз басым Кәкімжан ағаның көзі тірі кезінде шаңырағында ыдыс-аяқтың сыңғырлағанын естіген де, көрген де емеспін. Сол дәстүрді Батыр жолдасы Зәуре екеуі жалғастыра білді. Әр баласына жеке бір әлем ретінде қарады және әкелік мейірімін себе білді. Сондай-ақ, еліне қорған бола білетін азаматтар болып өссін деп ырымдағаны шығар, үш ұлының атын Шыңғыс, Жәңгір және Райымбек деп қойды. Ал жалғыз қызының есімін әкесінің анасының құрметіне Дәмелі деп атады. Атына заты сай дегендей, балаларының бәрі де жақсы оқып, ата-анасының мақтанышына айналып жүр. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Осы орайда бүгін ата-анасының мерейін өсіріп жүрген балалары ертең әкелері сияқты елінің мақтанышы боларына еш шек келтірмеймін.

Мына фәни жалғанда «Жұмақ – ананың аяғының астында» деп бекер айтылмаса керек. Осы орайда Батырдың анасы Орынша апайға деген балалық махаббаты бөлек бір әлем. Ол туралы педагогикалық тәрбие бағдарында бір кітап жазуға да болады. Жұмысқа кетерде және жұмыстан келген бетте анасын құшағына басып, бетінен мейірлене сүю дағдыға айналғалы қашан. Жолдасы Зәуре екеуі үй шаруасына қолын тигізбей, шығармашылықпен айналысуына да барлық жағдайды жасады. Орынша апайға барған сайын қолына қаламын ұстап, беймарал жұмыс істеп отырғанын көргенде қатты қызығатынмын. Тіпті, оның ерінбейтіндігі сонша, маңына әлеуметтік желілермен жұмыс істеуді де үйретіп қойды. Орынша апай жасы тоқсанға келсе де, «Фейсбукқа» тіркеліп, интернет желісіндегі қызықты материалдарды да қалт жібермей оқиды. Кей кездері әлеуметтік желілерде шыққан менің мақалаларымды оқығанда пікірін айтып, жігер беріп қоятыны бар.

Сонымен қатар, Орынша апайды қыдыртпаған шет елі, демалдырмаған шипажайы да кемде-кем. Қысқаша айтқанда, анасына әлемнің барлық жарығын сыйлауға тырысты. Баласының осындай қасиеттеріне риза болған Орынша апай бірде маған: «Көкең мен Нұрғас баламның қайғысын ұмыттырған осы Батырым ғой» деп сүйсіне айтқан сөзі әлі күнге дейін көз алдымда. Шынын айтқанда, оның мейірман жүрегіне қарап отырып, көзі тірісінде анам марқұмға Батыр сияқты қамқорлық жасай алмағанымға талай мәрте өкінген жайым бар. Біз қалада, шешеміз ауылда тұрды. Ауылға барған сайын бар жағдайын жасауға тырыстық, әрине. Қалай десек те балалық махаббатымызды Батыр інімізше көрсете алмағанмызды енді түсінгендеймін.

Өр бейнеттің өз зейнеті болары хақ. Бұқаралық-ақпараттық саладағы жетістігі үшін Батыр Қазыбаевтың еңбегі биік тарапынан ескерусіз қалған жоқ, әрине. Ол Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Батыр інімнің халін білейін деп күні кеше ғана үйіне барып едім. Төсекте үнсіз жатыр екен. Орынша апай жанына келіп: «Батыртай, Бекен аға келіп тұр» деп маңдайынан сүйіп, қолынан сипады. Бірақ ол үндемеді. Сол кезде Орынша апайдың мұңлы жанарынан ағытылып түскен жасты көру өте ауыр болды. Қазақта үлкен кісілердің: «О, Жаратқан Ием! Атамды алсаң да, ботамды ала көрме» деп жалбарынатыны да осындайдан екен ғой. Денем ток соққандай дір ете түсті. Жанарыма ыстық жастың қалай іркіліп қалғанын байқамай қалдым. Тамағымға кермек дәм тірелді. Даусым дірілдеген күйі мен де ақырын ғана «Батыржан» деп қолынан ұстадым. Өкінішке орай, тіл қатуға шамасы келмеді. Сол күні түстен кейін Батыр бауырым соңғы демін алып, Алла Тағаланың құзырына кетті. Сөйтіп, қадамымызды жансақ бассақ, ақыл айта білетін, қиналсақ, қамқорлық таныта алатын Бәйтерегіміз биігінен құлады. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, бауырым! Артында қалдырған жарқын да жарық іздерің ешқашан өшпек емес...

Бекен НҰРАХМЕТОВ,
Қазақ журналистикасының қайраткері,
Халықаралық ақпараттандыру
академиясының академигі.



ҰЛТТЫҚ КОД

қайта жаңғыртылуы керек



Серік
ЖҰМАБАЕВ



Дүрбелеңге толы дүниеде әлемдегі бар мемлекеттер заманға сәйкес жаңғыруды қалайды. Сондықтан рухани жаңғыру бар-шамызға тың міндеттер жүктеп отыр. Оның ең бастысы – ұлттық кодты сақтау.

Бабалардан мирас болған асыл қасиеттерді қайта түлетіп, салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз бен мәдени құндылықтарымызды ел игілігіне айналдырудың маңызы артып келеді. Өсіресе, цифрландыру дәуірінде ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, осы замандағы озық дәстүрлермен үйлесімін табу аса құнды. Ол үшін әрбір қазақстандық терең білім алып, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге мән беріп, болмысымызға тән қарапайымдылық пен үнемділікті пайдалана отырып, ұлттық кодымызды сақтай білсек, алынбайтын асу болмайды.

Қазақы тәрбие беру аса маңызды

Ұлттық кодтың өзегі – Ана тілде жатыр. Тіл тірілсе, дәстүр жанданады. Дәстүр жанданса, рух күшейеді. Рух күшейгенде ғана ұлт жаңғырады. Өкінішке орай, өз елімізде өзге тілде білім алып, өз тарихынан, мәдениетінен, салт-дәстүрден мақұрым адамдардан қорқуымыз керек. Олар туған тілін білуге де ұмтылмайдындығы да шындық. Және олардың ұрпақтары да солай жалғасып келеді. Сондықтан қатал талап қоятын уақыт жетті. Егер ұлт болып ұйып, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды сақтаймыз десек, жас ұрпақ санасына алдымен туған тілде тәрбие берілуі тиіс. Әбден сана-сезімі жетіліп, туған елге деген сезімі ояңғанда ғана әлемді таныту артық болмайды. Ұлттық кодтың бұзылуы ел іргесінің ыдырауына да әсер етері сөзсіз. Құлақты сырғалап, жыртқыш шалбар, тар етекке таңылған кейбір жастарға не деуге болады?..

Өкінішке қарай, қазір қоғамда не болмай жатыр? Адам өлтіру, тонау, қарақшылық жасау, зорлау секілді қатыгездік әрекеттердің барлығы орын алуда. Тіпті, үлкендерді қойып, жастардың арасында да болмашы нәрсе үшін бірін-бірі пышақтап кету, атып кету, асып кету секілді жантүршігерлік оқиғаларды да жиі еститін болдық.



Ең таза қан қазақтарда болған

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеуі бойынша, өткен ғасырдың 60-жылдарының басында қазақ ұлты «адамзаттың геномы» атанған, яғни ең таза қан қазақтарда болған. Бұл жеті атаға дейін қыз алыспау саясатының үлкен жемісі еді. Кеңес заманында елімізге арақ-шарап ағылды. Осылайша қазақ ұлты сау басына сақина тілеп алды. Дәрігерлердің айтуынша, біздің қазақтарда алкоголь-дегидрогеназ деген фермент жоқ екен. Еуропа халықтары, Испания, Франция, Германия, Италия, әрі-беріден соң көрші Ресейдің халықтары алкогольді ішімдіктерді ежелден ішіп келеді. Құдды, ұлттық сусындары тәрізді. Сондықтан да олардың қандарында алкоголь-дегидрогеназ деген фермент көп. Әлгі фермент олардың қандарына түскен алкогольдің уытымен күреседі. Ал бізде мұндай фермент болмағандықтан, біздің ішімдіктен табатын ауруымыз да, түрлі кылмыс та осыдан болып шығады. Осылардың себебінен де генетикалық құрылымымыз бұзылған. «Қазақта бұрын-соңды қант диабеті деген болмаған. Қазір көбейді. Негізінен, бұл ауру генетикалық құрылымы бұзылған халықтарда көп болады», – дейді дәрігер-мамандар.

Жалпы, мұны ретке келтіру үшін не істеу керек? Қатыгездікті қанға сіңірмей, адамзат қауымын апаттан аман алып қалу үшін қандай әрекеттер жасаған жөн?

Ұлттық жадты ояту өте өзекті



Онымен қоса, педофил деген жауыздық та белең ала бастады. Соңғы екі-үш жылда қасиетті деп жүрген Түркістан қаласының өзінде аузынан ана сүті кеппеген үш жас жеткіншек қыз зорланды. Ол-ол ма, осыдан бір-шама уақыт бұрын Алматы облысында бес жасар ұл бала зорланды. Қазір бұл іске қатысы бар күдікті ретінде Алматы облысы, Райымбек ауданының 23 жастағы жігіті ұсталып отыр. Ең сорақысы, ол өз істегенін мойындап, «ішімдік ішіп алғаннан кейін не істеп, не қойғанымды білмеймін, өзім түсінбей қалдым» деп ақталуда. Бесіктен белі енді шыққан баланы айуандықпен зорлау – бұл қорлық, сүйекке түскен танба. Ата-баба тарихында болмаған мұндай хайуандық әрекеттер қайдан пайда болды? Қоғам неге осыншама бүлініп отыр? Мұны көпшілік ұлттық тәрбиені босаңсытып, экрандағы жауыздық фильмдерді көптеп көрсетуімізден деп жатады. Еліміздің генетик-ғалымдары мұның алдын ертерек алмасақ, қазақтың ұлттық генетикалық жадын оятпасақ, ертеңгі күні үлкен қауіп туындауы мүмкін екендігін айтады.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Бақытжан БЕКМАНОВ, генетик-ғалым:

Ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет

Негізі, әке-шешенің кейбір қасиеттері балаға берілетіні рас. Интеллектуалдық қабілет ұрпақтан-ұрпаққа тұқым қуалайтындығы дәлелденген. Оған күмән жоқ. Мысалы, жастар 50 пайыз қабілетті ата-анасынан алса, 50 пайызын қоршаған ортаның әсерінен алады. Егер текті ұрпақтың тұяғын ұлттық бағытта тәрбиелеп, отаншылдыққа баули алсақ, ол баладан ешқашан қатыгездік шықпайды. Ең бастысы, тегімізді, генімізді таза ұстасак, балаларымызды ұлттық тәрбиемен тәрбиелесек, онда біздің ұтарымыз көп. Бұл – мәселенің жақсы жақтары ғана. Дәл осы секілді қатыгездік, ашуланшақтық, кедір-бұдыр мінез де тұқым қуалайды. Енді жақсы қабілет атадан балаға берілгенде, неге нашар мінез тұқым қуаламасақ? Ол да – атадан балаға берілетін белгілердің бірі. Оны бөліп-жарудың керегі жоқ. Бірақ бұл жерде қоршаған ортаның да көп әсері барын ұмытпағанымыз жөн. Мәселен, ашуланшақтық, күйгелектік баланың генінде болса, алайда сыртқы орта оған жайлы, жақсы болып тұрса, онда ол мінездер ешқашан сыртқа шықпайды. Ал сыртқы ортада күйбен тіршілік, ұрыс-керіс көп болса, онда нашар мінездер де активтеніп, өз ықпалын көрсете бастайды. Нәтижесінде адам бойында қатыгездік, жауыздық пайда бола бастайды. Бізде, өкінішке орай, ауру түрлерінің тұқым қуалайтындығын ғана зерттейміз де, ал атадан балаға берілетін мінездердің ішкі факторларына көп жағдайда үңілмей жатамыз. Сондықтан ұрпақтан-ұрпаққа берілетін қабілеттерді де жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттейтін уақыт жетті.

Әбдімәлік ӘБДІРАХМАН, исламтанушы:

Бәрі ана тілін құрметтеуден басталады

Ол үшін қазақ рухының генетикалық жады, ұлттық коды мен дүниетанымын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын қайта жаңғыртуымыз керек. Сондай-ақ, ата-анаман қатар, педагогтар қауымы да баланың тілегін Құдайдан сұрағанын абзал. Себебі, Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың хадисінде баласының тілеуін тілеген ата-ана дұғаларының қабыл болатындығы айтылған. Педагогтар да Жаратқаннан балалар үшін тілек тілегені дұрыс. Кезінде тұтастай бір қоғамды жамандықтан тыйып, жақсылыққа тәрбиелеген хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздан алар үлгіміз көп. Пайғамбарымыздың өмірін, бала тәрбиесіндегі ісін көпшілікке насихаттауымыз қажет. Сонда ғана қоғамды қатыгездіктен сақтап қаламыз. Қысқаша айтқанда, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-онай. Ендеше, ұлттық кодты жаңғырту ана тілін құрметтеуден басталады. Басқалай болуы мүмкін емес.

Біздің міндет – ой тастау, ал оның жүзеге асуы тиісті органдар мен әр адамның өзіне байланысты. Қалай десек те, қатыгездік қанға сіңбей, бүкіл адамзат қауымын апатқа ұшыратпай тұрғанда, мұның алдын алатын кез жетті. Қазақтың жадын жаңғырту ұлттық сананы оятудан басталады.

КӘСІПҚОЙ БОКС

Бүгін орта салмақта WBO дәрежесі бойынша «уақытша» әлем чемпионы атағы үшін қазақстандық Жәнібек Әлімханұлы (11-0, 7КО) мен британиялық Денни Дигнум арасындағы (14-0-1, 8КО) кездесудің саудасы аяқталуға тиіс.

ЖӘНІБЕК БӘРІНЕ ҚОРҚЫНЫШТЫ



Екі боксшының командасына алдымен он күндік келіссөз уақыты берілді. Жекпе-жек құны 200 мың АҚШ долларынан басталды. Бірақ белгіленген мерзім ішінде екі тарап ортақ келісімге келе алған жоқ. Сондықтан кәсіпқой бокс ережесіне сай, екі үміткердің кездесуі ашық саудаға қойылады да, өткізгісі келетін компаниялар екі жақтың да көңілін табуға тырысады.

Қалай дегенде де, аз уақытта мәртебелі рейтингтердің үшеуінде алғашқы ондыққа еркін еніп тұрған Әлімханұлына қарсылас табу қиын шаруаға айналды. Екі бірдей бұрынғы әлем чемпионы (Роб Брант, Хассан Н'Жикам) жеңіп, WBO рейтингінде барынша өрлегенмен, шынайы чемпиондардың ешқайсысы Жәнібекпен кездесуге тәуекел жасай алар емес. Осы рейтингтің басындағы америкалық Деметриус Андраде бірінші шегінді. Жәнібек рейтингтегі тиесілі орынға көтерілген соң, Андраде онымен жекпе-жекте өзінің чемпион атағын қорғауға тиіс еді. Алайда, «аты беймәлім» қазақ жігітін Андраде менсінбеген сыңай танытты. Әуелі міндетті жекпе-жектің ашық саудаға салынуына құлық танытпады, артынша басқа салмаққа ауысып, нағыз мықтылармен кездесетінін сылтауратып, тіпті бас сауғалады.

Одан кейін WBO өз рейтингінде алтыншы орында тұрған бразилиялық Эскива Фалькаоны Жәнібекпен кездесуге міндеттеді. Бірақ бұл нұсқа да өміршен бола алмады: Фалькао IBF нұсқасы бойынша әлем чемпионы атағына үміткер болып тұрғандықтан, Әлімханұлымен жекпе-жегі жуық арада өтпейтіні тез анықталды. Бірақ мұны да Фалькаоның «бас сауғалауы» деп түсінгеніміз дұрыс сияқты. Өйткені, орта салмақта IBF нұсқасы бойынша әлем чемпионы – отандасымыз Геннадий Головкин. Ал GGG қазір WBA нұсқасы бойынша әлем чемпионы Риото Муратамен (Жапония) біріккен кездесуге дайындалып жатыр. Одан кейін күзде Гена ежелгі қарсыласы Сауль «Канело» Альвареспен үшінші кездесуіне шығуы ықтимал. Демек, Головкиннің әзірше қолы тимейді, ал Фалькао IBF шешімін күтіп отыра бермек.

Одан кейін «уақытша» чемпион атағына талас Әлімханұлы мен мексикалық Хайме Мунгия арасында өтеді деп хабарланды. Бірақ алғашқы мезетте Мунгия бұл жекпе-жекке қарсы емес екенін ұқтырғанмен, артынша тайқып шыға келді. Ол үміткермен емес, Джермалл Чарло, Геннадий Головкин сияқты орта салмақ үздіктерімен бірден жұдырықтасқысы келетінін айтып, Әлімханұлынан «бас тартатынын» емеуріндеді.

Міне, енді Дигнум тап келіп отыр. Boxing-scene.com сайты таратқан ақпаратқа сәйкес, Жәнібек пен Дигнум арасындағы кездесу 21 мамырда өтуге тиіс. Бірақ өтетін жері әлі нақтыланбаған.

Бұл ақпаратты Әлімханұлының командасы әлі ресми растаған жоқ. Қалай дегенде де, Жәнібектің жарқырайтын уақыты жетті.

ФРИСТАЙЛ

ГОРОДКОНЫҢ ҚОС ОЛЖАСЫ



Италияда жасөспірімдер арасында өтіп жатқан әлем чемпионатында қазақстандық могулшы Анастасия Городко екі рет жеңіс тұғырына көтерілді.

Городко жеке сындағы іріктеу бағдарламасында 70,24 ұпаймен үшінші орын алды. Бірінші финалда отандасымыз 74,38 ұпаймен көш бастаса, екінші финалда 77,14 ұпаймен екінші нәтиже көрсетті. Бұл сында америкалық Элизабет Лемли топ жарды, ал оның отандасы Элли Макгуй қола жүлде иеленді. Ал аралас жұптар арасындағы параллель могул бағдарламасында Городко Федор Бугаковпен бірге тағы күміс жүлдеге қол жеткізді. Мұнда да бірінші және үшінші орындарды АҚШ спортшылары иеленді.

Анастасия өткен жылы Алматыда өткен әлем чемпионатында ересектер арасында қола жүлдегер атанған еді. Ал биылғы Бейжің Олимпиадасында отандасымыз жеке сынның екінші іріктеу кезеңінде жарысты аяқтады.

ВЕЛОСПОРТ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАҢЫ ДА АЛТЫН

Тәжікстан астанасы Душанбе қаласында велоспорттан өтіп жатқан Азия чемпионатының әр күнін қазақстандық спортшылар олжалы аяқтап жатыр.

Командалық жарыста құрамында Евгений Федоров, Игорь Чжан, Юрий Натаров және Евгений Гидич бар Қазақстан құрамасы үздік шықты. Отандастарымыз 24 шақырым қашықтықты 26:48,933 минутта жүріп өтіп, Азия чемпионы атанды. Моңғолия құрамасы – екінші, Иран үшінші нәтиже көрсетті.

Ал ерлер арасындағы жеке сында Евгений Федоров мәре сызығын бірінші болып қиды. Ол 24 шақырымды 28:45,197 минутта бағындырып, екінші орындағы Наруюки Масудадан (Жапония) 51,548 секунд ерте келді. Үшінші орында – өзбекстандық Мұратжан Халмұратов.

Жасөспірімдер арасында да қазақстандық спортшы құрлық чемпионы атанды. Алексей Ваганов ирандық Мұхаммед Раманди мен моңғолиялық Алтангерел Даваярғалды артқа тастап, үздік атанды.

Әйелдер арасында тұңғыш рет отандасымыз құрлықтың мықтысы болып танылды. Рината Сұлтанова жеке жарыста 24 шақырымды 34 минут, 24,632 секундта бағындырып, жеңіс тұғырына көтерілді.

ФУТБОЛ

БҮГІН – ШЕШУШІ КЕЗДЕСУ

Бүгін футболдан Қазақстан құрамасы «Астана Аренада» Молдова құрамасымен кездеседі. Ұлттар лигасының С дивизионында қалу құқығын беретін қарымта ойынға көп нәрсе байланысты.

Бес күн бұрын отандастарымыз аса күрделі ойында жеңіліп тұрғанына қарамастан таразы басын өздеріне аудара алды. Бұл жолы тең ойын жеткілікті болса да, бәрібір босаңсуға жол жоқ.

Қазақстан футбол федерациясының жаңа басшылығы ұлттық құрама бапкерін аяқасты ауыстырды. Талғат Байсуфиновтың орнына жас маман Андрей Карповичке сенім артты. Тіпті, Карповичті толыққанды бас бапкер емес, бапкер міндетін атқарушы етіп бекітті. Оның құрама тізгінін ұстап қалатын-қалмайтыны Молдовамен қос кездесуден кейін нақты белгілі болады. Әзірше алғашқы қадамы жаман емес.

24 наурызда өткен ойын қарсаңында бапкер қоластына негізгі ойыншылардың бәрі жиналды дегенмен, жарақат салдарынан Ян Вороговский («Моленбек», Бельгия), Юрий Логвиненко («Ақтөбе»), Серікжан Мұжықов («Тобыл») сияқты тәжірибелі ойыншылар келе алмады. Ұлттар лигасында 2019 жылы Литвамен кездесуде алаңнан қуылған Исламбек Қуат («Астана») айыпталды. Соған қарамастан, жігіттердің мінез танытқаны ұнады.

Енді қарымта кездесуде команда құрамына Қуат қосылады. Қазақстан құрамасы қос ойын қорытындысында Молдованы жолда қалдыратын болса, С дивизионындағы кезекті Ұлттар лигасының 3 тобында Словакия,

ПАРАЛИМПИАДА

ПАРАЦИКЛДІҢ АЛҒАШҚЫ АЛТЫНЫ



Досбол
АТАЖАН

Тәжікстан астанасы Душанбеде шосседегі паралимпиадалық велоспорттан Азия чемпионаты өтіп жатыр. Қазақстан құрамасы құрлық біріншілігінде 7 категория бойынша бақ сынады.

Бұл Азия чемпионаты Қазақстан парацикл командасы үшін халықаралық деңгейдегі алғашқы сайысы болды. Сонымен қатар, отандық шабандоздар В тобындағы (көру қабілеті бұзылған спортшылар) жеке тандем тайм-трилде қола жүлдені жеңіп алды. Аталмыш жарыста ел намысын Кенжеғұл

ТЕННИС

Халықаралық теннис федерациясы (ITF) 14–18 қыркүйекте Дэвис кубогының топтық кезеңі (Davis Cup – The World Cup of Tennis) өтетін төрт қаланы анықтады, деп хабарлайды Olympic.kz.

ҚАРСЫЛАСТАР ЖАҚЫНДА АНЫҚТАЛАДЫ

Топтар 31 наурызда Лондонда өтетін жеребеден кейін белгілі болады. Дэвис кубогы – әлем чемпионатының топтық кезеңі қарсаңында командалар төрт қоржынға бөлінді. Бірінші қоржынға – Хорватия, Испания, Франция, АҚШ; екінші қоржынға – Германия, Италия, Канада, Ұлыбритания; үшінші қоржынға – Қазақстан, Бельгия, Сербия, Аргентина; төртінші қоржынға Швеция, Австралия, Нидерланды, Оңтүстік Корея құрамалары түсті.

Осылайша 14–18 қыркүйек аралығында Болонья (Италия), Гамбург (Германия), Глазго (Ұлыбритания) және Малага (Испания) қалаларында 16 құраманың ішінен үздік сегіздік анықталады. Содан кейін 23–27 қарашада үздік сегіз құрама арасынан Дэвис кубогының жеңімпазы – 2022 жылғы әлем чемпионы белгілі болады.



Әзербайжан және Беларусь құрамаларымен бірге өнер көрсетеді. Ал керісінше болса, яғни Молдоваға жол берсе, D лигасының 1 тобында Латвия, Лихтенштейн және Андорра құрамаларымен бірге С лигасының жалғыз жолдамасын сарапқа салады.

Демек, қандай жағдайда да құрамаға оңай болмайтыны анық. Карпович бастаған жігіттерге табыс тілейміз. Қазақстан мен Молдова бұған дейін бес кездесу өткізіп, екі рет – Қазақстан, екі рет Молдова жеңіске жетті, бір ойын тең аяқталды.

Дайындаған Естен САБАЛАҚ.

Сейітжан мен Мақсат Қадыров қорғады. Спортшылар 15 шақырымды 22 минут 8,866 секундта жүріп өтіп, көшбасшылардан тек 1 минут 45,016 секундқа ұтылды.

«Әрине, бірінші орын алғымыз келді. Бірақ бізге қола жүлде бұйырыпты. Халықаралық жарыстарға қатысу менің үлкен арманым еді. Алты жыл бойы сол үшін еңбек еттім, – дейді Кенжеғұл Сейітжан. – Велоспорт федерациясы техникалық құрал-жабдықтар мен жолақысын төлеуден бастап, рухани қолдауға дейін үлкен көмек берді».

Қазақстан құрамасының қоржынында қазірдің өзінде 5 медаль бар: элитада ерлер арасында топтық жарыста – алтын, элитада әйелдер арасында топтық жарыста – күміс, парациклингтен – қола, жекелей жасөспірімдер арасында бөлек стартпен жарыста – күміс және жасөспірімдер арасында жеке стартпен жеке жарыста – алтын.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 8 айға – 4804 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 8 айға – 12964 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 8 айға – 3524 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ҚҰҚЫҚ



Өзекті мәселелер талқыланды



Досбол АТАЖАН

Алматы қаласы прокуратурасының ғимаратында қылмыстық процесте азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау мәселелері бойынша кеңейтілген алқа отырысы өтті.

Жиналысқа Алматы қалалық полиция департаментінің басшысы Қанат Таймерденов, Алматы қаласының прокуроры Берік Жүйріктаев, Алматы қаласы бойынша ҰҚК департаментінің басшысы Марат Ирменов және өзге де қылмыстық қудалау органдарының бірінші басшылары мен жеке құрамы қатысты.

Отырыс барысында енгізіліп жатқан құқықтық реформаларды іске асыру және тергеу сапасын арттыру – бірінші кезекте азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау үшін жасалып жатқаны айтылды. Сонымен қатар, күн тәртібіндегі бірінші мәселелердің бірі қаңтар оқиғаларының қатысушыларына қатысты тергеудің рұқсат етілмеген әдістерін қолдану мәселесі болды. Қазіргі уақытта мұндай фактілер бойынша 59 қылмыстық іс тергелу үстінде екені, олар бойынша тергеу органдарының есептері тындылып жатқаны айтылды. Прокуратура тергеудің толық әрі объективті болуының маңыздылығын атап өтті.

«Сот төрелігінің үш буынды моделі аясында азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту жұмыстары жалғасуда. Қылмыстық қудалау шеңберіне 55 тұлғаны негізсіз және мерзімінен бұрын тартуға жол берілмеді. Қадағалау органы өз кезегінде қабылданған процесстік шешімдердің заңдылығын қамтамасыз етеді», – деді Алматы қаласы прокурорының көмекшісі Бауыржан Төлендинов.

«Alatay Aqparat» медиахолдингінің ұжымы белгілі журналист, медиаменеджер

Батыр Кәкімжанұлы ҚАЗЫБАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АЗЫҚ-ТҮЛІК

Ет пен ұннан тапшылық жоқ



Әсел ДАҒЖАН

Сарапшылар Қазақстан үшін импорттық өнімдер мен тауарлардың бағасы бір жылда 13%-ға өскенін есептеп берді.



Биылғы қаңтар айының қорытындысы бойынша қазақстандық компаниялар нарықты ұн (сұраныстың 99,7%-ы отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етілген), жұмыртқа (97,2%), жарма және күріш (96,6%) бойынша жеткілікті жоғары деңгейде жергілікті өніммен қамтамасыз ете алды. Оған қоса, қызыл ет және құс еті (95,5%), өсімдік майы (88,8%), сондай-ақ макарон өнімдері, кеспе және басқа да ұқсас ұн өнімдері (85,1%) бар.

Сүт өнімдерінің сегментіне келсек (сүттен басқа), мұнда сарапшылар атап өткендей, тұтастай алғанда, бүкіл өнім желісі бойынша өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жаман емес – 84,4%. Осылайша жергілікті компаниялар сары майға деген сұранысты небәрі 67,9%-ға, ал ірімшік пен сүзбеге одан да аз, небәрі 53,7%-ға ғана қамтамасыз еткен.

Азық-түлік секторларынан шұжық өнімдері (жергілікті компаниялар 62,3%), жеміс-көкөніс шырындары (50,2%), өңделген және консервіленген балық, шаян тәрізділер мен моллюскалар (47,6%), шоколад (36,2%) сияқты салалар импортқа тәуелді болып тұр. Мәселен, қант (35,8%), шай және кофе (бар болғаны 29,9%).

Алкоголь өнімдерінің ішінде жергілікті компаниялар сыраға сұранысты 93,2%-ға, арақ пен алкогольдік сусындарға – 77,9%-ға, коньяк пен коньяк сусындарына – 58,6%-ға, шараптарға – 49,4%-ға

(бірақ шараптар арасында тікелей шампанға – 95,5%-ға деген сұранысты) өтеп отыр дейді зерттеушілер.

Биыл қаңтар айында импорттық өнімдер мен тауарлардың бағасы бір жыл ішінде 12,8%-ға өскен. Соның ішінде ТМД елдерінен келетін өнімдерді қоса алғанда Қазақстан үшін импорт бағасының деңгейі айтарлықтай 21,3%-ға, басқа елдерден – 4,9%-ға өскен.

Азық-түлік тауарларының ішінде қант пен қантты кондитерлік өнімдердің бағасы айтарлықтай өсті (бірден 38,7%), ет, балық немесе шаян тәрізділер, моллюскалар және басқа да су омыртқасыз жануарлардан алынған дайын өнімдер (32,3%), жануарлар немесе өсімдік тоң майлар мен майлар 26,9%-ға, шұжық және ұқсас ет өнімдері (20,6%-ға), балық және ұлулар (19,6%-ға), күнбағыс майы 15%-ға қымбаттаған.

Мамандардың айтуынша, еліміздің ішкі нарығында 2022 жылдың ақпан айында азық-түлік тауарларының тұтынушылық бағасы бір жыл ішінде 10 пайызға өскен. Өңірлік тұрғыда ең көп баға өсімін Ақмола, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарының тұрғындары сезінді.

Азық-түлік өнімдерінің ішінде жарма (16%-ға), май және тоң май (14,1%-ға), макарон өнімдері (12,5%-ға), жемістер мен көкөністер (12,4%-ға), ұн (11,1%-ға) айтарлықтай қымбаттады. Ет (11,1%-ға), қант (11%-ға) бағасын көтерген.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы – Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері: Мұрат ӘУЕЗОВ, Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі: «Alatay Aqparat» ЖШС. alatayaqparat@mail.ru Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор – Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ОРАЗА ЖӘНЕ НАМАЗ КЕСТЕСІ



muftyat.kz

РАМАЗАН

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

2022

хижри 1443 жыл



QR-код арқылы Рамазан парақшасына өте аласыздар

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	СӘУІР ЖӘНЕ МАМЫР	ТАҢ (СӨРЕСІ БІТЕТІН УАҚЫТЫ)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (АУЫЗАШАР УАҚЫТЫ)	ҚҰПТАН
1	Сенбі	2 Сәуір	05:13	06:30	12:59	17:29	19:22	20:40
2	Жексенбі	3 Сәуір	05:11	06:28	12:59	17:29	19:24	20:41
3	Дүйсенбі	4 Сәуір	05:09	06:27	12:58	17:30	19:25	20:43
4	Сейсенбі	5 Сәуір	05:07	06:25	12:58	17:31	19:26	20:44
5	Сәрсенбі	6 Сәуір	05:05	06:23	12:58	17:32	19:27	20:46
6	Бейсенбі	7 Сәуір	05:03	06:21	12:57	17:33	19:28	20:47
7	Жұма	8 Сәуір	05:01	06:20	12:57	17:33	19:29	20:49
8	Сенбі	9 Сәуір	04:59	06:18	12:57	17:34	19:31	20:50
9	Жексенбі	10 Сәуір	04:57	06:16	12:57	17:35	19:32	20:51
10	Дүйсенбі	11 Сәуір	04:55	06:14	12:56	17:36	19:33	20:53
11	Сейсенбі	12 Сәуір	04:53	06:13	12:56	17:37	19:34	20:54
12	Сәрсенбі	13 Сәуір	04:51	06:11	12:56	17:37	19:35	20:56
13	Бейсенбі	14 Сәуір	04:49	06:09	12:56	17:38	19:36	20:57
14	Жұма	15 Сәуір	04:47	06:08	12:55	17:39	19:38	20:59
15	Сенбі	16 Сәуір	04:45	06:06	12:55	17:40	19:39	21:00
16	Жексенбі	17 Сәуір	04:43	06:04	12:55	17:40	19:40	21:02
17	Дүйсенбі	18 Сәуір	04:41	06:03	12:55	17:41	19:41	21:03
18	Сейсенбі	19 Сәуір	04:39	06:01	12:54	17:42	19:42	21:05
19	Сәрсенбі	20 Сәуір	04:37	06:00	12:54	17:42	19:44	21:06
20	Бейсенбі	21 Сәуір	04:35	05:58	12:54	17:43	19:45	21:08
21	Жұма	22 Сәуір	04:33	05:56	12:54	17:44	19:46	21:09
22	Сенбі	23 Сәуір	04:31	05:55	12:54	17:45	19:47	21:11
23	Жексенбі	24 Сәуір	04:29	05:53	12:53	17:45	19:48	21:12
24	Дүйсенбі	25 Сәуір	04:27	05:52	12:53	17:46	19:49	21:14
25	Сейсенбі	26 Сәуір	04:26	05:50	12:53	17:47	19:51	21:16
26	Сәрсенбі	27 Сәуір	04:24	05:49	12:53	17:47	19:52	21:17
27	Бейсенбі	28 Сәуір	04:22	05:47	12:53	17:48	19:53	21:19
28	Жұма	29 Сәуір	04:20	05:46	12:53	17:49	19:54	21:20
29	Сенбі	30 Сәуір	04:18	05:44	12:52	17:49	19:55	21:22
30	Жексенбі	1 Мамыр	04:16	05:43	12:52	17:50	19:56	21:23

ЕСКЕРТУ:

- 2 сәуір – Рамазан айының бірінші күні.
- Мамыр айының 27-сінен 28-іне қараған түн – қасиетті Қадір түні.
- Пітір садақасы жан басына 500 теңге деп белгіленді.
- Садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Сбербанк, Astana-Plat мобильді қосымшалары және Қазпочта арқылы аударуға болады.
- Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым. Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім. Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кемшіліктерімді кешір!

CALL-ОРТАЛЫҚ
+7(7172) 33-30-30